

ШҚО Ә ББ «Геологиялық барлау колледжі» КМҚК

0701000 «Геологиялық суретке түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлау»

0702000 «Пайдалы қазба кенорындарын барлаудың техникасы мен технологиясы»

0703000 «Гидрогеология және инженерлік геология»

0704000 «Пайдалы қазба мен кенорындарын барлау мен іздеудің геофизикалық әдістері»

1514000 «Экология және табиғи қорларды тиімді пайдалану»

мамандықтарына арналған

«Қазақ тілі» пәні бойынша

БАЗАЛЫҚ (ТІРЕК) КОНСПЕКТІСІ

Дайындаған: Марканова Г.А.

Қазақ тілі ПБ

отырысында қаралып бекітілді

Хаттама № 7__12.04. 2017жыл

Қазақ тілі ПБ жетекшісі:

Марканова Г.А.

Семей – 2017ж.

Базалық (тірек) конспектісі 2017 жылы бекітілген оқу жұмыс жоспары және 2014жылы бекітілген оқу жұмыс бағдарламасы бойынша құрастырылған.
Оқу бөлімімен пайдалануға ұсынады.

Міндетті бақылау жұмысының саны _____ 2 _____

I семестр _____ 1 _____

II семестр бойынша _____ 1 _____

Қорытынды бақылау _____ емтихан _____

(міндетті бақылау жұмысы, сынақ, емтихан)

Тақырыптық жоспар

№	Тараулар мен тақырып атаулары	Сағат саны
	1-тарау. Кіріспе сабақ. Қазақ тілін үйренейік.	
1.1.	Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заң.	2
1.2.	Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.	2
1.3.	Ана тілі туралы мақал-мәтелдер, өлеңдер.	2
1.4.	Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан Республикасының ұлттық рәміздері.	2
	2-тарау. Фонетика. Инабаттылық, әдептілік.	
2.1.	Қазақ алфавиті туралы мәлімет. Амандасу салты. Сәлемдесу мәдениеті. Танысу. Танысу мәдениеті. Қоштасу – мәдениетті дәстүр.	2
2.2.	Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар. Өтініш. Кешірім сұрау.	2
2.3.	Қатаң дауыссыз дыбыстар. Ризашылық білдіру. Құттықтау.	2
	Біздің оқу орнымыз.	
2.4.	Ұяң дауыссыз дыбыстар. Біздің колледж.	2
2.5.	Үнді дауыссыз дыбыстар. Менің мамандығым. Сұхбаттасу.	2
2.6.	Үндестік заңы. Буын үндестігі. Дәрісхана. Оқу залы.	2
2.7.	Дыбыс үндестігі. Ілгерінді ықпал. Кітапханада.	2
2.8.	Дыбыс үндестігі. Кейінді ықпал. Жатақханада.	2
2.9.	Буын және тасымал. Қазақ тілі сабағында.	2
2.10.	Екпін. «О» дыбысының сөз басында оқылуы. Менің досым.	2
2.11.	Фонетиканы қайталау.	2
2.12.	Бақылау жұмысы №1.	2
	3-тарау. Лексика. Қазақ тілі дүние жүзіндегі ең бай тілдердің бірі.	
3.1.	Сөздік түрлері. Қазақ тілі туралы	2
3.2.	Омонимдер. «Ана тілің - арың бұл» Қадыр Мырзалиев.	2
3.3.	Синонимдер. «Тілдің туы» Сұлтанмахмұт Торайғыров.	2
3.4.	Антонимдер. Ана тілі.	2
	4-тарау. Морфология. Отбасы.	
4.1.	Сөз құрамы. Түбір мен қосымша. Менің отбасым.	2
4.2.	Қосымшаның түрлері. Жалғаулардың орын тәртібі. Менің туыстарым.	2
4.3.	Көптік жалғау. Жеті ата.	2
4.4.	Тәуелдік жалғау. Өзім туралы. Сұхбаттасу.	2
4.5.	Жіктік жалғау. «Емес» сөзінің пайдалануы. Біздің үйіміз.	2
4.6.	Жалғаулардың орын тәртібі. Театрда. Кинотеатрда.	2
	Уақыт.	
4.7.	Зат есім. Жалпы және жалқы зат есім. Атау септік. Сұраулық шылаулар.	2
4.8.	Ілік септік. Күз. Көптік жалғауларды қайталау.	2
4.9.	Барыс септік. Қыс.	2
4.10.	Табыс септік. Тәуелдік жалғауды қайталау. Көктем. Наурыз мейрамы.	2
4.11.	Жатыс септік. Жаз.	2
4.12.	Шығыс септік. Көмектес септік. «Керек» сөзін пайдалану. Демалыс күні.	2
	Қала. Қалада.	
4.13.	Етістік. Етістіктің болымды және болымсыз түрі. Мұражайда.	4
4.14.	Етістіктің осы шағы. Бүгін жұмыс күні.	2
4.15.	Семестрлік бақылау жұмысы №2.	2
4.16.	Өткен шақтың түрлері. Жедел өткен шақ. Жол жүру.	2
4.17.	Жедел өткен шақтың болымды және болымсыз түрі. Саяхат.	2
4.18.	Бұрынғы өткен шақтың 1 және 2 түрі туралы түсінік. Перронда.	2
4.19.	Болымсыздық шылау «Емес». Әуежайда.	2
4.20.	Етістіктің келер шағы. Ауыспалы келер шақ. Асханада.	2
4.21.	Болжалды келер шақ. Мейрамханада.	2
4.22.	Мақсатты келер шақ. Емханада.	2
4.23.	Етістік. Етістіктің шақтарын қайталау.	2
4.24.	Бақылау жұмысы №3.	2
4.25.	Негізгі және туынды зат есім. Зат есімнің есімдерден жасалуы. Дәрігердің қабылдауында. Дәріханада.	2
4.26.	Зат есімнің етістіктен жасалуы. Базарда.	2
4.27.	Негізгі сын есім. Туынды сын есім. Пошта.	2
4.28.	Сын есімдердің есімдерден жасалуы. Телефон арқылы сөйлесу.	2

4.29	Сын есімдердің етістіктен жасалуы. Әмбебап дүкені.	2
4.30	Көмекші есімдер. Дүкенде.	2
4.31	Сан есім. Реттік сан есімдердің жасалуы. «Әсем» - тұрмыс үйі.	2
4.32	Жинақтық сан есім. Шаштаразда. Тігіншіде. Етікшіде.	2
4.33	Есімдіктер туралы жалпы түсінік. Алматы.	4
4.34	Үстеу. Мезгіл, мекен үстеулері. Түркістан қаласы.	2
4.35	Қимыл-сын үстеуі. Мөлшерлік үстеуі. Астана – еліміздің бас қаласы.	4
4.36	Сөз таптарын қайталау.	2
4.37	Бақылау жұмысы №4.	2
	5-тарау. Синтаксис. Қазақ халқының батырлары.	
5.1.	Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі. Бөгенбай батыр.	2
5.2.	Сөйлем түрлері. Хабарлы, лепті, сұраулы сөйлемдер. Қабанбай батыр.	2
5.3.	Сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері. Райымбек батыр. Махамбет Өтемісұлы.	6
5.4.	Баяндауыш. Ұлы Отан Соғысының батырлары. Бауыржан. Әлия. Мәншүк.	2
5.5	Бастауыш пен баяндауыштың байланысы. Қайрат Рысқұлбеков.	2
	6-тарау. Іс қағаздары. Іс қағаздарының лексикасы. Жеке адамға қатысты іс қағаздары.	
6.1.	Іс қағаздары туралы. Іс қағаздарының стилі.	2
6.2.	Өмірбаян. Түйіндеме.	2
6.3.	Бақылау жұмысы №5.	2
	7-тарау. Кәсіби тіл дамыту. Мамандыққа қатысты кәсіби сөздер, терминдер.	
7.1.	Мамандыққа қатысты кәсіби сөздермен сөйлем, әңгіме құру.	2
7.2.	Мамандыққа қатысты кәсіби сөздермен сөйлем, әңгіме құру.	2
7.3.	Мамандыққа қатысты термин сөздермен сөйлем, әңгіме құру.	2
7.4.	«Қазақстанның табиғат байлықтары» мамандыққа байланысты мәтіндермен жұмыс.	2
7.5.	«Геология салалары» мамандыққа байланысты мәтіндермен жұмыс.	4
7.6.	Тіл ұстарту. Сұхбат құру. Шығарма «Менің мамандығым».	2
7.7.	Семестрлік бақылау жұмысы №6.	2

Мазмұны

№	Тараулар мен тақырып атаулары	Бет
	І-тарау. Кіріспе сабақ. Қазақ тілін үйренейік.	7
1.1.	Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заң.	
1.2.	Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.	7
1.3.	Ана тілі туралы мақал-мәтелдер, өлеңдер.	8
1.4.	Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан Республикасының ұлттық рәміздері.	8
	2-тарау. Фонетика. Инабаттылық, әдептілік.	9
2.1.	Қазақ алфавиті туралы мәлімет. Амандасу салты. Сәлемдесу мәдениеті. Танысу. Танысу мәдениеті. Қоштасу – мәдениетті дәстүр.	
2.2.	Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар. Өтініш. Кешірім сұрау.	9
2.3.	Қатаң дауыссыз дыбыстар. Ризашылық білдіру. Құттықтау.	10
	Біздің оқу орнымыз.	
2.4.	Ұяң дауыссыз дыбыстар. Біздің колледж.	10
2.5.	Үнді дауыссыз дыбыстар. Менің мамандығым. Сұхбаттасу.	11
2.6.	Үндестік заңы. Буын үндестігі. Дәрісхана. Оқу залы.	11
2.7.	Дыбыс үндестігі. Ілгерінді ықпал. Кітапханада.	12
2.8.	Дыбыс үндестігі. Кейінді ықпал. Жатақханада.	13
2.9.	Буын және тасымал. Қазақ тілі сабағында.	13
2.10.	Екпін. «О» дыбысының сөз басында оқылуы. Менің досым.	14
2.11.	Фонетиканы қайталау.	14
2.12.	Бақылау жұмысы №1.	14
	3-тарау. Лексика. Қазақ тілі дүние жүзіндегі ең бай тілдердің бірі.	15
3.1.	Сөздік түрлері. Қазақ тілі туралы	
3.2.	Омонимдер. «Ана тілің - арың бұл» Қадыр Мырзалиев.	15
3.3.	Синонимдер. «Тілдің туы» Сұлтанмахмұт Торайғыров.	16
3.4.	Антонимдер. Ана тілі.	16
	4-тарау. Морфология. Отбасы.	17
4.1.	Сөз құрамы. Түбір мен қосымша. Менің отбасым.	
4.2.	Қосымшаның түрлері. Жалғаулардың орын тәртібі. Менің туыстарым.	18
4.3.	Көптік жалғау. Жеті ата.	18
4.4.	Тәуелдік жалғау. Өзім туралы. Сұхбаттасу.	19
4.5.	Жіктік жалғау. «Емес» сөзінің пайдалануы. Біздің үйіміз.	20
4.6.	Жалғаулардың орын тәртібі. Театрда. Кинотеатрда.	21
	Уақыт.	
4.7.	Зат есім. Жалпы және жалқы зат есім. Атау септік. Сұраулық шылаулар.	21
4.8.	Ілік септік. Күз. Көптік жалғауларды қайталау.	22
4.9.	Барыс септік. Қыс.	23
4.10.	Табыс септік. Тәуелдік жалғауды қайталау. Көктем. Наурыз мейрамы.	23
4.11.	Жатыс септік. Жаз.	24
4.12.	Шығыс септік. Көмектес септік. «Керек» сөзін пайдалану. Демалыс күні.	24
	Қала. Қалада.	
4.13.	Етістік. Етістіктің болымды және болымсыз түрі. Мұражайда.	25
4.14.	Етістіктің осы шағы. Бүгін жұмыс күні.	25
4.15.	Семестрлік бақылау жұмысы №2.	25
4.16.	Өткен шақтың түрлері. Жедел өткен шақ. Жол жүру.	26
4.17.	Жедел өткен шақтың болымды және болымсыз түрі. Саяхат.	27
4.18.	Бұрынғы өткен шақтың 1 және 2 түрі туралы түсінік. Перронда.	28
4.19.	Болымсыздық шылау «Емес». Өуежайда.	29
4.20.	Етістіктің келер шағы. Ауыспалы келер шақ. Асханада.	30
4.21.	Болжалды келер шақ. Мейрамханада.	30
4.22.	Мақсатты келер шақ. Емханада.	31
4.23.	Етістік. Етістіктің шақтарын қайталау.	32
4.24.	Бақылау жұмысы №3.	32
4.25.	Негізгі және туынды зат есім. Зат есімнің есімдерден жасалуы. Дәрігердің қабылдауында. Дәріханада.	32
4.26.	Зат есімнің етістіктен жасалуы. Базарда.	33
4.27.	Негізгі сын есім. Туынды сын есім. Пошта.	33
4.28.	Сын есімдердің есімдерден жасалуы. Телефон арқылы сөйлесу.	34
4.29.	Сын есімдердің етістіктен жасалуы. Өмбебап дүкені.	35

4.30	Көмекші есімдер. Дүкенде.	35
4.31	Сан есім. Реттік сан есімдердің жасалуы. «Әсем» - тұрмыс үйі.	36
4.32	Жинақтық сан есім. Шаштаразда. Тігіншіде. Етікшіде.	37
4.33	Есімдіктер туралы жалпы түсінік. Алматы.	37
4.34	Үстеу. Мезгіл, мекен үстеулері. Түркістан қаласы.	38
4.35	Қимыл-сын үстеуі. Мөлшерлік үстеуі. Астана – еліміздің бас қаласы.	38
4.36	Сөз таптарын қайталау.	39
4.37	Бақылау жұмысы №4.	39
	5-тарау. Синтаксис. Қазақ халқының батырлары.	39
5.1.	Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі. Бөгенбай батыр.	
5.2.	Сөйлем түрлері. Хабарлы, лепті, сұраулы сөйлемдер. Қабанбай батыр.	40
5.3.	Сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері. Райымбек батыр. Махамбет Өтемісұлы.	40
5.4.	Баяндауыш. Ұлы Отан Соғысының батырлары. Бауыржан. Әлия. Мәншүк.	41
5.5.	Бастауыш пен баяндауыштың байланысы. Қайрат Рысқұлбеков.	42
	6-тарау. Іс қағаздары. Іс қағаздарының лексикасы. Жеке адамға қатысты іс қағаздары.	42
6.1.	Іс қағаздары туралы. Іс қағаздарының стилі.	
6.2.	Өмірбаян. Түйіндеме.	43
6.3.	Бақылау жұмысы №5.	43
	7-тарау. Кәсіби тіл дамыту. Мамандыққа қатысты кәсіби сөздер, терминдер.	43
7.1.	Мамандыққа қатысты кәсіби сөздермен сөйлем, әңгіме құру.	
7.2.	Мамандыққа қатысты кәсіби сөздермен сөйлем, әңгіме құру.	44
7.3.	Мамандыққа қатысты термин сөздермен сөйлем, әңгіме құру.	44
7.4.	«Қазақстанның табиғат байлықтары» мамандыққа байланысты мәтіндермен жұмыс.	44
7.5.	«Геология салалары» мамандыққа байланысты мәтіндермен жұмыс.	45
7.6.	Тіл ұстарту. Сұхбат құру. Шығарма «Менің мамандығым».	45
7.7.	Семестрлік бақылау жұмысы №6.	45
	Пайдаланылған әдебиеттер	46

1 – тарау. Кіріспе сабақ. Қазақ тілін үйренейік.

1-сабақ 1.1. Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заң.

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Ол ғылым-білімді, техниканы үйрену тілі, мәдениет пен экономиканы дамыту тілі. Қазақ тілі 1989 жылы мемлекеттік мәртебеге ие болды.

Қазақстан Республикасында «Тіл туралы» Заң 1997 жылы 11 шілдеде қабылданған. Бұл заң 6-тарау, 27 баптан тұрады. Осы заңның I тарау 4-бабында былай жазылған: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі»

Мемлекеттік тіл – бұл мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару және іс қағаздарын жүргізу тілі.

«Тіл туралы» Заңның 5-бабында орыс тілі жөнінде айтылған. Онда орыс тілі мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті органдарда ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деп жазылған.

Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасында «Тіл туралы» Заң қашан қабылданған?
2. «Тіл туралы» Заң неше тарау, неше баптан тұрады?
3. Заңның I тарау 4-бабында не туралы жазылған?

Бақылау тапсырмалары:

1. Мәтінді оқып аудару, мазмұндау.
 2. Сөздерді орыс тіліне аударыңыз.
- Заң, бап, тарау, дамыту, меңгеру, парыз.
3. Жоғарыда берілген сөздерді қатыстырып сөйлем құрыңыз.

2-сабақ. 1.2. Тілдерді қолдау мен дамытудың 2001-2010ж. арналған мемлекеттік бағдарламасы.

1. 6 – бап.

Қазақстан Республикасының азаматының ана тілін қолдауына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар.

Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызу жөнінде қамқорлық жасайды.

Ұлттық топтар жинақы тұратын жерлерде іс-шаралар өткізілген кезде олардың тілдері қолданылуы мүмкін.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасында «Тіл туралы» Заң қашан қабылданған?
2. «Тіл туралы» Заң неше тарау, неше баптан тұрады?

Бақылау тапсырмалары:

1. Сөздер мен сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз.
- Мемлекеттік тіл, орта білім, құқық, үйрену, арнайы пәндер, жағдай жасау.
2. Жоғарыда берілген сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құрыңыз.

3-сабақ.1.3. Ана тілі туралы мақал – мәтелдер, өлеңдер.

Ана сүті бой өсіреді,
Ана тілі ой өсіреді.

* * *

Тіл тас жарады,
Тас жармаса, бас жарады.

* * *

Өнер алды – қызыл тіл.

* * *

Бал тамған тілден,
У тamar.

* * *

Піл көтермегенді, тіл көтереді.

* * *

Тіл – қылыштан өткір.

Бақылау сұрақтары:

1. «Өнер алды – қызыл тіл» мағынасын түсіндіріңіз?
2. «Тіл туралы» Заң неше тарау, неше баптан тұрады?

Бақылау тапсырмалары:

1. Тіл туралы мақал-мәтелдер жазыңыз.
2. Сөздерді қатыстырып сөйлем құрыңыз.
Колледж, студент, кітапхана, мамандық, топ, дәрісхана.
3. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.
Мемлекеттік тілді үйрену - әрбір азаматтың парызы.
Мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруге барлық жағдай жасалған.
Мемлекеттік тілде білімді, ғылымды, өнерді үйренеміз.

4-сабақ.1.4. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының ұлттық рәміздері.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне елтаңба, ту, әнұран жатады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы мен туы 4 маусым 1992 жылы қабылданған.

Елтаңбаның ортасында көгілдір түс аясында шақырақ бейнеленген. Оның ортасындағы айқасқан белдеу әлемнің төрт бұрышын білдіреді. Шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап, уықтар шаншылған. Оны киелі пырақтар қанаты көмкеріп тұр. Елтаңбаның жоғары жағында жұлдыз орналасқан. Ал төменгі жағында – «Қазақстан» деген жазу бар. Елтаңбаның реңдік бейнесі алтын және көгілдір түсті.

Тудың ортасында көгілдір түс аясында бейбітшіліктің рәмізі – күн бейнеленген. Күннің төменгі жағында бостандық пен еркіндік белгісі – қыран құс бейнеленген. Тудың сол жағында қазақтың дәстүрлі ою-өрнегі бар. Мемлекеттік әнұран 2003 жылы қайта қабылданды. Әнұранның сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев. Әнін жазған: Шәмші Қалдаяқов.

Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Оның мемлекеттік рәміздері елтаңбасы, туы, әнұраны бар. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Астанасы – Астана қаласы.

Қазақстанның тәуелсіздігін дүниежүзі таныды. Ол бейбітшілікті сүйетін ел. Қазақстан қазір дүниежүзі мемлекеттерімен экономикалық, мәдени байланыстар жасап отыр.

Ұлттық ақшасы – теңге. Басқа мемлекеттермен өз ақшасы арқылы сауда жүргізеді.

Қазақстан жері қазба байлықтарына өте бай. Жер шарында кездесетін кен байлықтарының бәрі бар. Олар: темір, мыс, қорғасын, қалайы, алтын, күміс, көмір, мұнай. Ірі өнеркәсіп орталықтары: Қарағанды, Жезқазған, Ақтау, Балқаш, Өскемен, Теміртау және т.б.

Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады. Олар тату тұрады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне не жатады?
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы мен туы қашан қабылданған?
3. Елтаңбаның ортасында не бейнеленген?
4. Тудың сол жағында не бар?

Бақылау тапсырмалары:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы жазыңыз.
2. «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбына әңгіме құрыңыз.
3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

Казахстан богат полезными ископаемыми. На юге республики выращивают яблоки, виноград, свеклу, рис, хлопок. На севере республики выращивают зерно и овощи.

5-сабақ. 2 – тарау. Фонетика. Инабаттылық, әдептілік.

2.1. Қазақ алфавиті туралы мәлімет. Амандасу салты. Сәлемдесу мәдениеті.

Танысу. Танысу мәдениеті. Қоштасу – мәдениетті дәстүр.

Фонетика (грек «дыбыс») – тіл дыбыстары туралы, тілдегі дыбыстық ерекшеліктер мен заңдылықтарды зерттейтін тіл білімінің саласы.

Сөз дыбыстардан құралады. Дыбыстарды айтады және естиді. Дыбыстар әріппен таңбаланып жазылады. Әріптерді жазады және көреді.

Әріптердің рет-ретімен жүйелі түзілген жиынтығы алфавит деп аталады. Алфавитте әрбір әріптің баспаша және жазбаша нұсқалары, әріптердің айтылуы көрсетіледі. Қазақ тілінің алфавиті 42 әріптен тұрады.

Қазақ тілінде 37 дыбыс бар. Дыбыс бола алмайтындар:

1. қосарлы дыбыстар: я (й+а), ю (й+у), ё (й+о).
2. ь – жіңішкелік, ъ – жуандық дыбыстары.

Қазақ тіліне тән дыбыстар: ә, ө, і, ү, ұ, қ, ғ, ң, һ.

Қазақ тілінде жуандық (ъ) және жіңішкелік (ь) белгілері, сондай-ақ э, ё, в, ф, ц, ч әріптері орыс тілі арқылы енген кірме сөздерде ғана кездеседі.

Қазақ тілінде дыбыстар екіге бөлінеді:

1. дауысты дыбыстар.
2. дауыссыз дыбыстар.

Бақылау сұрақтары:

1. Алфавит дегеніміз не?
2. Қазақ тілінде неше дыбыс бар?
3. Қазақ тілінде дыбыстар нешеге бөлінеді?

Бақылау тапсырмалары:

1. Қазақ алфавиті туралы.
2. Сәлемдесу, қоштасу, танысу тақырыптарымен байланысты сөз үлгілерін қазақ тіліне аударыңыз.

Добрый день! Как доехали? Добро пожаловать! Рад Вас видеть! До скорой встречи! Передайте привет! Разрешите представиться. Разрешите с Вами познакомиться. Извините, я тороплюсь. Очень рад с Вами познакомиться.

3. Жоғарыда берілген сөз үлгілерін қатыстырып сұхбат құрыңыз.

6-сабақ. 2.2. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар. Өтініш, кешірім сұрау.

Дауысты дыбыстар: а, ә, о, ө, ы, і, ү, ұ, у, и, е, э, ё, я, ю.

Қазақ тіліне тән дауысты дыбыстар: ә, ө, ұ, ү, і.

Дауысты дыбыстардың жіктелуі:

1. Тілдің қатысына қарай	жуан	а, о, ұ, ы, (у)
	жіңішке	ә, ө, ү, і, е, и, (ү)
2. Еріннің қатысына қарай	еріндік	о, ө, ү, ұ, у.
	езулік	а, ә, ы, і, е, и.
3. Жақтың қатысына қарай	ашық	а, ә, о, ө, е.
	қысаң	ұ, ү, у, ы, і, и.

Бақылау сұрақтары:

1. Дауысты дыбыс дегеніміз не?
2. Қазақ тілінде неше дауысты дыбыс бар?
3. Қазақ тілінде дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?

Бақылау тапсырмалары:

1. Дауысты дыбыстардың жіктелуі.
2. Өтініш, кешірім сұрау тақырыбына байланысты сөз үлгілерін аударыңыз.
У меня к Вам есть просьба. Извините. Простите, можно спорсить? Я вас слушаю. Извините, я вас не понял. Простите за беспокойство. Извините, за опоздание. Можно войти? Извините, я занят. Помогите мне.
3. Жоғарыда келтірілген сөз үлгілерін қатыстырып сұхбат құрыңыз.

7-сабақ. 2.3 Дауыссыз дыбыстар. Қатаң дауыссыз дыбыстар.**Ризашылық білдіру. Құттықтау.**

Дауыссыз дыбыстар. Қатаң дауыссыз дыбыстар.

Қазақ тілінде 25 дауыссыз дыбыс бар.

Олар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, ц, ч, ш, щ, һ (у).

Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай үшке бөлінеді:

- 1) Қатаң дауыссыз;
- 2) Ұяң дауыссыз;
- 3) Үнді дауыссыз.

Тек қана салдырдан тұратын дыбыстар қатаң дауыссыз деп аталады.

Қатаң дауыссыз дыбыстар (11): к, қ, п, с, т, ф, х, ч, ц, ш, щ.

Бақылау сұрақтары.

1. Дауысты дыбыстарды атаңыз.
2. Қазақ тіліне тән дауысты дыбыстарды атаңыз.
3. Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай қалай жіктеледі?

Бақылау тапсырмалары:

1. Дауыссыз дыбыстар. Қатаң дауыссыз дыбыстар.
2. Ризашылық білдіру құттықтау тақырыбына байланысты сөз үлгілерін аударыңыз.

Очень Вам благодарен! Благодарю Вас! Не стоит благодарности. Благодарю за помощь. Искренне Вас благодарю! С праздником! Поздравляю! Долгих лет жизни! Желаю Вам успеха!

3. Жоғарыда келтірілген сөз үлгілерін қатыстырып сұхбат құрыңыз.

8-сабақ. 2.4 Ұяң дауыссыз дыбыстар. Біздің колледж.

Үн мен салдырдан тұратын дыбыстар ұяң дауыссыз деп аталады.

Ұяң дауыссыз дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з, һ

Біздің колледж орта кәсіптік білім беретін оқу орны. Ол Кәрменов көшесінде орналасқан. Колледждің іргетасы 1931 жылы қаланған. Бұл уақытта оқу орны техникум деп аталған. Ең алғаш тау бұрғылау және техник-геолог мамандықтары ашылған. 1935 жылы техникум алғашқы түлектерін шығарды.

1966 жылдың 1 сәуірі геолог күні болып қабылданады. Бұл күн жыл сайын салтанатты түрде аталып өтетін болды.

1994 жылы техникум колледж деп аталады. 2002 жылы колледж 70 жылдық мерейтойын атап өтеді.

Колледждің материалдық негізі жақсы жабдықталған. Колледж екі оқу ғимаратынан тұрады. Мұнда жүзге жуық арнайы дәрісханалар мен зертханалар, акт залы, асхана, кітапхана, спорт залы, өз жатақханасы, минералогиялық мұражайы бар.

Колледжде әртүрлі үйірмелер жұмыс істейді.

Колледж өз түлектерін отандық және шетелдік компанияларға жұмысқа орналастырады.

Бақылау сұрақтары.

1. Қазақ тілінде неше дауыссыз дыбыс бар?
2. Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай нешеге бөлінеді:?
3. Колледждің іргетасы қай жылы қаланған.?

Бақылау тапсырмалары:

1. Ұяң дауыссыз дыбыстар.
2. «Біздің колледж» тақырыбында әңгіме құрыңыз.

9-сабақ. 2.5. Үнді дауыссыз дыбыстар. Менің мамандығым.

Үнді дауыссыз дыбыстар: л, м, н, ң, р, й, у.

Мамандық таңдау - әрбір мектеп бітіруші түлектің мақсаты. Мамандықты әрбір адам өз жүрегінің қалауымен таңдайды. Сондай-ақ мамандықты өз қабілетіне қарай да таңдап алады.

Өмірде мамандықтың түрі өте көп. Жақсы мамандықтың иесі болу үшін еңбек ету керек. Дәрігер, мұғалім, тілші болу үшін оқу керек. Жақсы жұмысшы, кенші, құрылысшы болу үшін өндірісте істеу керек. Кез-келген мамандықты игеру үшін оған деген сүйіспеншілік керек.

Мен геологиялық барлау колледжінде оқимын. Біздің колледж әртүрлі мамандық иелерін дайындап шығарады. Олар: бұрғылаушы, геолог, геофизик, гидрогеолог, эколог, бағдарламашы. Менің мамандығым- геолог. Маған өз мамандығым ұнайды. Бұл мамандықты тандауыма осы мамандықты жақсы білетін адамдар көмектесті.

Бақылау тапсырмалары:

1. Үнді дауыссыз дыбыстар.
2. «Менің мамандығым» тақырыбына әңгіме құрыңыз.
3. Мамандық атауларын қазақ тіліне аударыңыз.

Геологическая съемка, поиск и разведка месторождений полезных ископаемых.
Геофизические методы поисков и разведки месторождений полезных ископаемых.

Технология и техника разведки месторождений полезных ископаемых.

Гидрогеология и инженерная геология.

Экология и рациональное использование природных ресурсов.

Информационные системы в недропользовании.

10-сабақ. 2.6. Үндестік заңы. Буын үндестігі. Дәрісхана. Оқу залы.

Түбір мен қосымшаның және сөз аралығындағы дыбыстардың бір-біріне ықпал жасап, өзара үйлесіп айтылуын үндестік заңы дейді.

Үндестік заңының екі түрі бар:

- 1) буын үндестігі.
- 2) дыбыс үндестігі.

Буын үндестігі – сөз ішіндегі дауысты дыбыстардың бірыңғай жуан, не жіңішке болып үндесуі.

Буын үндестігі сөз бен қосымша арасында сақталады.

1. Егер сөздің соңғы буыны жуан болса, онда қосымша да жуан болып жалғанады. Мысалы: қалам+дар, жұмыс+шы, қала+ға, ағаш+тар.
2. Егер сөздің соңғы буыны жіңішке дауысты дыбыстан болса, онда қосымша да жіңішке болып жалғанады. Мысалы: гүл+дер, терезе+ні, еңбек+ші, есік+ті.

Мынау 38-ші дәрісхана. Ол бас корпусының үшінші қабатында орналасқан. Дәрісханада студенттер білім алады. Онда парталар, орындықтар және тақта бар. Оң жақта екі терезе, сол жақта бір есік бар. Бұрышта шкаф тұр. Шкафта кітап, оқулық, дәптер, папкалар жатыр. Дәрісхана жарық, таза, сондай-ақ үлкен емес.

Біздің колледжде оқу залы бар. Колледждің екінші оқу залы жатақханада орналасқан. Оқу залында студенттер күнделікті сабақтарына дайындалады. Үй тапсырмаларын орындайды. Мұнда кітапханашылар жұмыс істейді. Олар студенттерге қажетті кітаптар мен оқулықтарды тауып беру үшін, оларды жаңа

материалдармен қамтамасыз ету үшін қызмет етеді. Студенттер дәрісханада алған білімдерін оқу залында толықтырып, байыта түседі.

Бақылау сұрақтары.

1. Үндестік заңы дегеніміз не?
2. Үндестік заңының түрлерін ата.
3. Буын үндестігі дегеніміз не?
4. Қазақ тілі сабақтарында не істейсіздер?

Бақылау тапсырмалары:

1. Үндестік заңы. Буын үндестігі.
2. «Дәрісхана. Оқу залы» тақырыбына әңгіме құрыңыз.
3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

Это светлая комната. Она не очень большая. В комнате очень много вещей: стол, шесть стульев, шкаф и кровать. На стене висят картины и зеркало. В шкафу лежат книги и учебники.

11-сабақ. 2.7. Дыбыс үндестігі. Ілгерінді ықпал. Кітапханада.

Дыбыс үндестігі дегеніміз - қатар келген екі дыбыстың бір-біне ықпал етіп үндесуі.

Дыбыс үндестігінің 2 түрі бар:

- 1) ілгерінді ықпал.
- 2) кейінді ықпал.

Ілгерінді ықпал – қатар келген екі дыбыстың алдыңғысының соңғысына әсер етуі.

Ілгерінді ықпалдың кездесетін орындары:

1. сөз бен қосымша арасында: қаш-са (қашша)
2. күрделі сөздерде:
 - а) біріккен сөз: көзқарас (көзғарас)
 - ә) тіркескен сөз: ала кел (ала гел)
 - б) қос сөз: құрбы-құрдас (құрбы-ғұрдас)
3. екі сөз арасында: ақ балық (ақ палық)

Біздің колледждің кітапхана қоры өте бай. Колледждің кітапханасынан геологияға қатысты, оқу орнындағы түрлі мамандықтарға қажет оқулықтарды табуға болады. Сондай-ақ кітапханада газет-журналдар мен көркем әдебиеттер де бар. Студенттердің дүниетанымын кеңейтетін материалдарды да кездестіруге болады.

Кітапхананың әртүрлі бөлімдері бар. Оқу залы үзіліссіз жұмыс істейді. Кітапхана қызметкерлері өз істерін білетін білімді, мәдениетті адамдар. Олар студенттер іздеген кітаптарды, оқулықтарды, газет-журналдарды тауып беруге, іздестіруге қызмет етеді.

Бақылау сұрақтары.

1. Үндестік заңының түрлерін ата.
2. Дыбыс үндестігі дегеніміз не?

Бақылау тапсырмалары:

1. Дыбыс үндестігі. Ілгерінді ықпал.
2. Кітапханада тақырыбына әңгіме құрыңыз.
3. Сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз.

Жарық бөлме, қызықты кітап, бағалы зат, биік тау, әдемі сурет, тәртіпті оқушы, қиын тапсырма, жұмсақ металл, жаңа дәптер.

12-сабақ. 2.8. Дыбыс үндестігі. Кейінді ықпал. Жатақханада.

Кейінді ықпал – қатар келген екі дыбыстың соңғысының алдыңғысына әсер етуі.

Кейінді ықпалдың жазылуда ескерілетін орындары:

1. Сөз қатаң қ, к, п дауыссыз дыбыстарының біріне аяқталып, оған дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанса, қ, к, п дыбыстары ұяң ғ, г, б дыбыстарына айналады.

Мысалы: мектеп + і = мектебі.

жүрек + і = жүрегі

тарақ + ы = тарағы

2. Етістіктің түбірі п дыбысына аяқталып, оған көсемшенің -ып, -іп жұрнағы жалғанса, п дыбысы өзгеріп, үнді у дыбысына айналады. Мысалы: шап+ып=шауып, жап+ып=жауып, теп+іп=теуіп, кеп+іп=кеуіп.

Мынау жатақхана. Жатақханада бес қабат бар. Студенттер бөлмелерге үштен-төрттен орналасқан. Мына бөлме төртінші қабатта. Ол – жарық, таза, онша үлкен емес. Бөлмеде көп зат бар. Сол жақта және оң жақта керуеттер, ортада үстел мен төрт орындық бар. Қабырғада суреттер, сөре бар. Сөреде кітаптар, оқулықтар, дәптерлер жатыр.

Біздің колледждің жатақханасы өте жайлы. Жатақханада басқа облыстан келген студенттер тұрады. Студенттерге барлық жағдай жасалған. Жатақхананың бірінші қабатында асхана, оқу залы, медициналық пункт, жуынатын бөлмелер жұмыс істейді. Үшінші қабатта спорт кешені, би залы бар. Спорт кешенінде әртүрлі үйірмелер жұмыс істейді.

Бақылау тапсырмалары:

1. Дыбыс үндестігі. Кейінді ықпал.
2. «Жатақханада» тақырыбына әңгіме құрыңыз.
3. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

Бүгін колледжде сенбілік болды. Әр топ өз дәрісханаларында тазалық жұмыстарын жүргізді. Содан соң колледж ауласын тазалап, ағаштардың діңін ағартты.

13-сабақ. 2.9. Буын және тасымал. Қазақ тілі сабағында.

Қазақ тілінде буынның 3 түрі бар.

1. Ашық буын – бір дауысты дыбыстан болады немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға аяқталады. Мысалы: ә-ке, а-ға, ба-ла, қа-ла, ша-на т.б.
2. Тұйық буын – дауысты дыбыстан басталып, дауыссызға аяқталады. Мысалы: ел, ұлт, от, ат, ер.

3. Бітеу буын – ортасы дауысты болып, екі жағы дауыссыз дыбыстан болады. Мысалы: жаз, күз, дәп-тер, гүл-дер, төрт, қант т.б.

Біздің колледждің студенттері орыс тілінен басқа қазақ, ағылшын тілдерін де оқиды.

Қазақ тілі сабақтары қызықты өтеді. Сабақта біз қазақ тілінде сөйлейміз. Мұғалім бізді күнделікті жаңа тақырыппен таныстырады, тақырып бойынша жаңа сөздерді үйретеді, сөздердің мағынасын түсіндіреді.

Сабақта біз көп жұмыс істейміз. Мәтінді қазақша оқып, орыс тіліне аударамыз. Мәтін бойынша сұрақтар қойып, жауап береміз. Сөйлемдерді тақтаға жазып, оларға морфологиялық, синтаксистік талдаулар жасаймыз.

Сабақтың көпшілік бөлігі ауызша сөйлесуге арналады. Сурет бойынша әңгіме құрап, әртүрлі тақырыпта әңгімелесеміз, сұхбат құрамыз. Өлеңдер мен мақал-мәтелдер жаттаймыз.

Сабақтың аяғында мұғалім үй тапсырмасын береді.

Бақылау тапсырмалары:

1. Буын және оның түрлері.
2. «Қазақ тілі сабағында» тақырыбына әңгіме құрыңыз.
3. Сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз.

Бірінші орын, жылы киім, ауызша жауап, тұңғыш ғалым, ұлттық ойындар, жазғы демалыс, жақсы баға, нағыз дос.

14-сабақ. 2.10. Екпін. «О» дыбысының сөз басында оқылуы. Менің досым.

Қазақ тілінде екпін тұрақты, көбінесе сөздің соңғы буынына түседі. Сөзге қосымша жалғанғанда, екпін қосымшаға, яғни соңғы буынға ауысып отырады.

Мысалы: еңбек, еңбекші, еңбекшілер, еңбекшілерді.

Менің досым бар. Оның аты – Ермек. Ол он жетіде. Ол – қаржы-экономикалық колледждің студенті. Ол екінші курста оқиды. Біз бала кезімізден доспыз.

Ермек мектепті бітіргеннен кейін, бірден қаржы-экономикалық колледжді таңдады. Себебі, ол есепке жүйрік. Бұл таңдауына ол өкінбейді.

Ермек салмақты, жігерлі, көпшіл. Сонымен қатар ол жолдастары арасында беделді.

Ермек шахмат, тоғызқұмалақ сияқты тапқырлықты қажет ететін ойындарды жақсы көреді. Өйткені бұл ойындар адамның ой-өрісін кеңейтеді. Сондай-ақ ол спортпен де шұғылданады.

Ермек – нағыз жолдас. Достың достығы қиыншылықта білінеді. Мен оның қиын жағдайда қол үшін беретініне сенемін. Біздің достық қарым-қатынасымыз ешқашан үзілмейді деп ойлаймын.

Бақылау тапсырмалары:

1. Екпін.
2. «Менің досым» тақырыбына әңгіме құрыңыз.
3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

Астана стала новой столицей 20 октября 1997 года. Астана за короткое время превратилась в красивый город. 10 июня 1998 года в Астане прошла праздничная церемония открытия (салтанатты ашылу рәсімі) новой столицы.

15-сабақ. 2.11. Фонетиканы қайталау.

Сұрақтарға жауап беріңіз:

- 1) Қазақ тілінде неше дауысты, неше дауыссыз дыбыс бар?
- 2) Қазақ тіліне тән дыбыстарды атаңыз.
- 3) Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай қандай түрлерге бөлінеді?
- 4) Үндестік заңы дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар?
- 5) Дыбыс үндестігі дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.
- 6) Буынның неше түрі бар? Сөздер қалай тасымалданады?
- 7) Қандай сөздер тасымалданбайды?

Берілген тапсырмаларды орындаңыз:

- Сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз.
Бірінші орын, жылы киім, ауызша жауап, тұңғыш ғалым, ұлттық ойындар, жазғы демалыс, жақсы баға, нағыз дос.
- Берілген сөздерге фонетикалық талдау жасаңыз; адамгершілік, сурет, гүлдер, әңгіме.

16-сабақ. 2.12. Бақылау жұмысы. Жазба жұмысы (диктант).

17-сабақ. 3 – тарау. Лексика. Қазақ тілі – дүниежүзіндегі ең бай тілдердің бірі. 3.1. Сөздік түрлері. Қазақ тілі туралы.

Сөздіктің түрлері өте көп. Сөздіктердің әрқайсысы әртүрлі қажеттілікті өтеу үшін жасалады. Осыған байланысты әрбір сөздіктің алдына белгілі бір мақсат қойылады.

Орфографиялық сөздік емленің ережелері мен қағидаларына негізделеді. Орфографиялық сөздік сөздердің қалай жазылуы дұрыс болатындығын көрсету үшін жасалады.

Түсіндірме сөздік әдеби тілдің сөз байлығымен таныстырады. Ол сөздердің мағыналарын талдап түсіндіруді мақсат етеді. Сөздердің мағыналарын жете білу үшін түсіндірме сөздікті пайдалану керек.

Аударма сөздіктердің екі түрі бар: оның бірінде шет тілдегі сөздер ана тіліне аударылып беріледі. Екіншісінде ана тіліндегі сөздер шет тілге аударылып беріледі. Мысалы, «Орысша-қазақша сөздік», «Қазақша-орысша сөздік».

Сөздіктер - әрбір оқушы, әрбір сауатты адам үшін күнделікті керекті құрал.

Қазақ тілі – бай тіл. Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Ол – халық тарихымен бірге жасап, ұрпақтан-ұрпаққа қатынас құралы ретінде қызмет етіп келеді. Қазақ тілі 1989 жылы мемлекеттік мәртебеге ие болды. Ол қазір толық мағынасында ғылым-білімді, техниканы үйрену тілі, мәдениет пен экономиканы дамыту тілі болып отыр.

Қазақ тілі түркі тілдер тобына жатады. Түркі тілдер тобына қырғыз, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр, түркмен, әзербайжан, татар, башқұрт, түрік және т.б халық тілдері кіреді. Бұл тілдердің ішінде қазақ тіліне ең жақындары – ноғай, татар, қарақалпақ, башқұрт, қарашай – балқар тілдері.

Қазір қазақ тілі – Қазақстанның мемлекеттік тілі.

Бақылау сұрақтары.

1. Сөздіктің қандай түрлері бар?
2. Орфографиялық сөздік не үшін жасалады?
3. Қазақ тілі қай жылы мемлекеттік мәртебеге ие болды?
4. Қазақ тілі қандай тілдер тобына жатады?

Бақылау тапсырмалары:

1. Сөздік түрлері.
2. «Қазақ тілі туралы» әңгіме құрыңыз.
3. Сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз.

Справедливый человек, национальный праздник, срочная (тығыз) работа, знаменитый ученый, первый космонавт, важный документ, просторная комната, новый закон, великий поэт.

18-сабақ. 3.2. Омонимдер. Қадыр Мырзалиев «Ана тілің – арың бұл».

Айтылуы мен жазылуы бірдей, ал мағынасы әртүрлі сөздерді омонимдер деп атайды.

Мысалы: «Ат» сөзінің 3 түрлі мағынасы бар:

1. Әкем ат сатып алды. – Мой отец купил лошадь.
2. Сен мылтықпен ат. – Ты стреляй из ружья.
3. Сәбиге Мағжан деп ат қойдық. – Ребенку дали имя Мағжан.

Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте.

Ана тілің біліп қой,
Еркіндігің, теңдігің.
Ана тілің біліп қой,
Мақтанышың, елдігің.

Бақылау тапсырмалары:

1. Омонимдер.
2. Қадыр Мырзалиев «Ана тілің – арың бұл».
3. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

Өткен сенбіде Әлішер мені театрға шақырды. Біз драма театрының алдында сағат алтыда кездестік. Сол күні театрда Мұхтар Әуезовтың «Қарагөз» қойылымы жүріп жатыр екен.

19-сабақ. 3.3. Синонимдер. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Тілдің туы».

Айтылуы, жазылуы әртүрлі, мағыналары бір-біріне жақын сөздерді синонимдер деп атайды.

Мысалы: ас, дәм, тағам, тамақ; сәби, нәресте, перзент; мықты, берік, күшті.

Сүйемін туған тілді – ана тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан,
Құлағыма сіңірген таныс үнім.

Сол тілімнен үйрендім нәрсе аттарын,
Сол тілімнен әдетті мен жаттадым.
Ең бірінші сол тілменен сыртқа шықты,
Сүйгенім, жек көргенім, ұнатқаным.

Бақылау тапсырмалары:

1. Синонимдер.
2. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Тілдің туы».
3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

Алексей на все вопросы ответил правильно. Мы выполнили упражнения и переводили текст на русский язык. Наташа написала предложения на доске и сделала синтаксический разбор.

20-сабақ. 3.4. Антонимдер. Ана тілі.

Антонимдер – бұл мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер. Мысалы: аласа-биік, ұзын-қысқа, ақ-қара, суық-ыстық, жақын-алыс, жуан-жіңішке.

Әр халықтың өз ана тілі болады. Қазақ халқының ана тілі – қазақ тілі. Орыс халқының ана тілі – орыс тілі. Ана тілін адамдар кішкентай кезінен әке-шешесінен, әжесі мен атасынан үйренеді. Ер жеткенде халықтан, мектептен, кітаптан, газет пен журналдан, радио мен теледидардан үйренеді.

Қазақ тілі – бай тіл. Ол – қазақ халқының жазуы, кітабы, мектебі жоқ та болған тіл. Қазақ халқы ана тілінде дүние жүзіне әйгілі. «Алпамыс», «Қобыланды батыр» сияқты батырлар жырын, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», сияқты ғашықтық жырларын шығарған. Қазақ халқы – ертегілерге, мақал-мәтелдерге өте бай халық.

Бұл күнде қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды.

Бақылау тапсырмалары:

1. Антонимдер.
2. «Ана тілі» тақырыбына әңгіме құрыңыз.
3. Сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз.

Новый учебник, хорошая книга, на втором этаже, написать письмо, первая аудитория, широкая улица, рабочий день, много детей, страница тетради.

21-сабақ. 4 – тарау. Морфология. Отбасы.

4.1. Сөз құрамы. Түбір мен қосымша.

Сөз құрамы түбір мен қосымшадан тұрады

Сөздің бөлінбейтін ең түпкі бөлшегі түбір деп аталады. Мысалы: жұмыс, оқу, су, дос, бас

Түбір екіге бөлінеді:

1. негізгі түбір
2. туынды түбір

Туынды түбір негізгі түбірге әр түрлі жұрнақтардың жалғауы арқылы жасалады. Мысалы: жұмыс + шы; оқу + шы; су + сын; дос + тық; бас + тық

Сөздің түбірге жалғанатын бөлшегі қосымша деп аталады. Қосымша екіге бөлінеді:

1. жұрнақ;
2. жалғау

Біздің отбасымыз өте үлкен. Отбасымызда ата-әжем, әке-шешем, ағам, жеңгем, інім және мен. Атам мен әжем егде адамдар. Олар – зейнеткерлер. Әкем, Бауыржан – мұғалім. Ол Семей Мемлекеттік Университетінде жұмыс істейді. Ал шешем, Жанбота – дәрігер. Ол емханада жұмыс істейді, адамдарды емдейді. Ағам, Азат – заңгер. Ол үйленген. Жеңгем, Айгүл – университет зертханасында жұмыс істейді.

Мен геологиялық барлау колледжінде оқимын. Болашақ мамандығым – геолог. Інім кішкентай, ол балабақшаға барады.

Біз қаланың орталығындағы көп қабатты үйде тұрамыз. Пәтерімізде бес бөлме бар. Біз бәріміз тату-тәтті тұрамыз. Мен өз отбасымды мақтан тұтамын.

Бақылау сұрақтары.

- 1 Түбір дегеніміз не?
2. Түбір нешеге бөлінеді?
3. Қосымша дегеніміз не?
4. Қосымшаның қандай түрлері бар?

Бақылау тапсырмалары:

1. Сөз құрамы. Түбір мен қосымша.
- 2.«Менің отбасым» тақырыбына әңгіме құрыңыз
- 3.Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз

Күз келді. Күн суыта бастады. Ағаштың жапырақтары сарғайды. Құстар жылы жаққа ұшып кетті. Біз жылы киімімізді кидік

22-сабақ. 4.2. Қосымшаның түрлері. Жалғаулардың орын тәртібі.

Менің туыстарым.

Қосымшаның екі түрі бар:

- 1) жұрнақ
- 2) жалғау

Өзі жалғанған сөздің мағынасын өзгертетін қосымшаны жұрнақ деп атайды.

Жұрнақтың екі түрі бар:

- 1)сөз тудырушы жұрнақ
- 2) сөз түрлендіруші жұрнақ

Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша жалғау деп аталады. Қазақ тілінде жалғаудың төрт түрі бар:

- 1) Көптік жалғау
- 2) Тәуелдік жалғау
- 3) Жіктік жалғау

4) Септік жалғау

Түбір сөзге жұрнақ та, жалғау да жалғана береді. Түбір сөзге алдымен жұрнақ, содан кейін жалғау жалғанады. Мысалы: жұмыс + шы +лар, оқу + шы +ның т.б.

Біздің отбасымыз онша үлкен емес. Отбасымызда бес адам бар. Олар: әкем, шешем, апайым, ағам және мен. Қарындасым, інім жоқ.

Менің әкем-инженер, ал шешем-мектепте мұғалім. Олар егде адам емес. Апайым –банк қызметкері. Ол тұрмыста. Оның күйеуі маған жезде болады. Жездем футболды жақсы көреді. Олардың баласы маған жиен болады. Менің жиенім кішкентай, балабақшаға барады.

Ағам-кенші. Ол үйленген. Жеңгем –зауытта есепші болып жұмыс істейді. Балалары мектепте оқиды.

Шешем жағынан туыстар маған нағашы болады. Нағашы ата мен әжем ауылда тұрады. Нағашы туыстарым Астана, Алматы қалаларында тұрады. Мен бос уақытымда, демалыс кездерінде туыстарыма қанаққа барып тұрамын. Біз туған – туыстарымызбен жақсы қарым – қатынастамыз.

Бақылау сұрақтары.

1. Қосымшаның қандай түрлері бар?
2. Жұрнақтың неше түрі бар?
3. Қазақ тілінде жалғаудың неше түрі бар?

Бақылау тапсырмалары:

- 1.Қосымша түрлері.
- 2.«Менің туыстарым» тақырыбына әңгіме құрыңыз
- 3.Сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз.

Ыстық су, атақты жазушы, қысқы сессия, жақсы мамандық, тәжірибелі геолог, бағалы сыйлық, терең көл, тәтті алма, аласа үй.

23-сабақ. 4.3. Көптік жалғау. Жеті ата

Заттың біреу ғана емес көп екенін білдіретін жалғау түрі **көптік жалғау** деп аталады.

Көптік жалғаулар: - лар, -лер, -дар, -дер, -тар, тер

Көптік жалғау дыбыс үндестігіне бағынып жалғанады.

- 1) Егер сөздің соңғы дыбысы дауысты немесе үнді р, й, у дыбыстарына аяқталса, онда –лар, - лер көптік жалғауы жалғанады. Мысалы: дәптер+лер, тау+лар.
- 2) Егер сөздің соңғы дыбысы ұяң ж, з немесе үнді л, м, н, ң дыбыстарына аяқталса, онда –дар, -дер көптік жалғауы жалғанады. Мысалы: қалам + дар, қағаз + дар, өзен +дер.
- 3) Егер сөздің соңғы дыбысы қатаң немесе ұяң б, в, г, д дыбыстарына аяқталса, онда -тар, - тер көптік жалғауы жалғанады. Мысалы мектеп + тер, геолог +тар, клуб + тар

Әр буынның өзіндік аты бар. Олар: әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат. Туажаттан туған жүрежат, одан туған жекжат, жекжаттың баласы-жұрағат атанған.

Қазақ халқында нағыз жақын туыстықтың шегі жеті атамен аяқталады. Туыстықтың бұл мөлшері екі жарым ғасырға созылған. Бұл аралықта «аталастардың» құда болуы, ерлі-зайыпты болу «тұқым бұзушылық» болып есептелген. Әдет- ғұрыпты сақтау үшін кейінгі ұрпаққа жеті атасын білу міндет болып есептелген. Әркім өзінің жеті атасын туыстық атауларды сақтау үшін, әдет-ғұрыпты сақтау үшін, ұрпақ сау болу үшін білуі керек.

Бақылау сұрақтары.

1. Көптік жалғаулар қалай жалғанады?
2. Жалғаудың неше түрі бар?

Бақылау тапсырмалары:

1. Көптік жалғау
2. «Жеті ата» туралы әңгіме құрыңыз
3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз

На столе лежат книги. Ученики сидят за партами. Они отдохнули в лагере. Ивановы живут на четвертом этаже. Я купил четыре книги и восемь карандашей.

24-сабақ. 4.4. Тәуелдік жалғау. Өзім туралы жеке ақпарат. Сұхбаттасу.

Тәуелдік жалғаулары – меншіктік мағына береді.

	Жекеше түрі		Көпше түрі
I жақ	– м, -ым, -ім	I жақ	– ымыз, -іміз, -мыз, -міз
II жақ	– ң, -ың, -ің - ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз	II жақ	– тарың, -терің, -дарың, -дерің, -ларың, -лерің - тарыңыз, -теріңіз, -дарыңыз, -деріңіз, - ларыңыз, -леріңіз
III жақ	–сы, -сі, ы, -і	III жақ	–сы, -сі, ы, -і

Мысалы:

I жақ Менің үй-ім, бала-м

II жақ Сенің үй-ің, бала-ң

Сіздің үй-іңіз, бала –ңыз

III жақ Оның үй-і, бала-сы

I жақ Біздің үй-іміз, бала-мыз

II жақ Сендердің үй-лерің, бала-ларың

Сіздердің үй-леріңіз, бала-ларыңыз

III жақ Олардың үй-і, бала-сы

Өзім туралы жеке ақпарат.

Менің тегім – Асанов, атым – Даурен. Мен он алтыдамын. Ұлтым – қазақ. Мен 1993 жылы, Семей қаласында тудым. Отбасымызда бес адам бар. Олар: әкем, шешем, ағам, қарындасым және мен. Әкем – банк қызметкері. Ал шешем- дәрігер, емханада жұмыс істейді

Мен биыл орта мектепті бітіріп, геологиялық барлау колледжіне оқуға түстім. Қазір бірінші курста оқимын. Менің болашақ мамандығым – геолог.

Мен гитарада ойнағанды ұнатамын. Мен музыканы ғана емес, спортпен шұғылданғанды да жақсы көремін.

Бақылау сұрақтары.

1 Тәуелдік жалғаулары дегеніміз не?

Бақылау тапсырмалары:

1. Тәуелдік жалғау
2. Өзіңіз туралы әңгіме құрыңыз
3. Сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз

Наша семья, мой брат, ваша тетрадь, мой друг, их школа, наш колледж, его город, твой учебник, твоя сестра, их сосед, наша улица, моя Родина, памятник Абая, наша аудитория.

25-сабақ. 4.5. Жіктік жалғау. «Емес» сөзін пайдалану. Біздің үйіміз

Жіктік жалғаулары

	Жекеше түрі		Көпше түрі
I жақ	-мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін	I жақ	– мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз
II жақ	-сың, -сің -сыз, -сіз	II жақ	-сындар, -сіндер, -сыздар, -сіздер
III жақ		III жақ	-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер
Мысалы:		Мысалы:	
	Жекеше түрі		Көпше түрі
I жақ	Мен студентпін, оқушымын	I жақ	Біз студентпіз, оқушымыз
II жақ	Сен студентсің, оқушысың Сіз студентсіз, оқушысыз	II жақ	Сендер студентсіндер, оқушысындар Сіздер студентсіздер, оқушысыздар
III жақ	Ол студент, оқушы	III жақ	Олар студенттер, оқушылар

Біздің үй Шәкәрім даңғылында орналасқан. Нөмірі алтыншы, тоғыз қабатты үй біздікі. Біздің пәтеріміз төртінші қабатта. Пәтеріміздің үш бөлмесі бар.

Кіре берісте кең, үлкен дәліз бар. Ең үлкен бөлме-төргі бөлме. Төргі бөлменің үлкен бір терезесі бар. Терезеде әдемі перде ілулі тұр. Төргі бөлменің сол жағында екі кресло мен журнал үстелі тұр. Оң жағында диван, бұрышта түрлі – түсті теледидар тұр. Еденде әдемі кілем жатыр. Ортада үлкен дөңгелек үстел, алты орындық тұр.

Екінші бөлме әке-шешемдікі. Ол жатын бөлме. Мұнда кереует, екі тумба, үш есікті шифоньер мен үлкен айна тұр.

Үшінші кішкене бөлме – менікі. Бөлмемде кереует, гардероб, жазу үстелі, орындық бар. Үстелде калькулятор, өшіргіш, қалам, кітап және дәптерлер жатыр. Компьютер, кітап сөресі де осында.

Ас үйде ас үй жиһазы бар. Онда ыдыс – аяқтар тұр. Тоңазатқыш та осында.

Жуынатын бөлмесі, әжетханасы бөлек. Бөлмелер оңаша, өте қолайлы.

Бақылау сұрақтары.

1. Жіктік жалғаулары дегеніміз не?

Бақылау тапсырмалары:

1. Жіктік жалғау

2.«Біздің үйіміз» тақырыбына әңгіме құрыңыз

3.Сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз

Мы студенты, он хороший, я шестой, ты девушка, Вы сидите, они дежурные, ты красивая, мы ученики, я инженер, Вы врач, ты первый, он опытный геолог, я умный.

26-сабақ. 4.6. Жалғаулардың орын тәртібі. Театрда. Кинотеатрда.

Театрға, кинотеатрға жорық ұйымдастыру

Қазақ тілінде қосымшалардың өзіндік жалғану тәртібі бар. Сөзге жұрнақ, содан кейін көптік, тәуелдік, септік және жіктік жалғаулары бірінен соң бірі жалғанады.

Сөз	Қосымшалар				
	Жұрнақ	Көптік жалғау	Тәуелдік жалғау	Септік жалғау	Жіктік жалғау

Мысалы: оқу + шы + лар + ыңыз + быз

оқу + шы + лар + ыңыз + ға

Біз сенбі күні театрға барамыз. Сондықтан алдын ала екі билет сатып алдым. Театрда Мұхтар Әуезовтың «Қарагөз» қойлымы жүріп жатыр екен. Қойылым сағат бесте басталады. Біз Абай атындағы драма театрының алдында сағат төрт жарымда кездестік.

Ең алдымен театрдың киім ілгішіне барып, сырт киімімізді тапсырдық. Содан кейін екінші қабатқа көтеріліп, қойылымның бағдарламасын сатып алдық. Қабырғалардағы әртістердің суреттеріне қарап, театрды араладық.

Үшінші қоңыраудан кейін көрермендермен бірге залға кіріп, орындарымызға отырдық. Біраздан кейін шымылдық ашылып, қойылым басталды. Бірінші актіден кейін үзіліске шықтық.

Қойылым алты жарымда аяқталды. Біз жол бойы қойылым туралы, қойылымнан алған әсерлерімізді туралы әңгімелестік.

Бақылау тапсырмалары:

1. Жалғаулардың орын тәртібі. Мысал келтіріңіз

2. «Театрда» тақырыбына әңгіме құрыңыз

3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз

Казахстан – многонациональное государство. Здесь живут более ста тридцати представителей наций. Они живут дружно. В Казахстане государственный язык – казахский язык.

27-сабақ. 4.7. Зат есім. Жалпы және жалқы зат есім.

Атау септік. Сұраулық шылаулар.

Зат есім – заттың, құбылыстың атауын білдіретін сөз табы. Сұрақтары: Кім? Не? Кімдер? Нелер?

Жалпылай немесе жекелей атауына қарай екіге бөлінеді:

1. жалқы зат есім

2. жалпы зат есім

Жалқы зат есімге мыналар жатады:

1. кісі аттары: Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Айжан, Жанар, Алмас, Қайрат т.б.

2. географиялық атаулар: Ертіс, Астана, Алатау, Арал теңізі, Семей, Қазақстан т.б.

3. газет, журнал, кітап, өлең, ән, күй аттары: «Жас алаш» (газет), «Балдырған» (журнал), «Абай жолы» (кітап), «Адай» (күй).

4. мекеме, ұйым, зауыт, фабрика аттары: Шымкент қорғасын зауыты, Геологиялық барлау колледжі т.б.

5. мал мен хайуанаттарға арнап қойылған аттар: Құлагер, Тілеулес, Құтжол, Ақтас, Тайбурыл т.б.

Жалпы зат есім бірнеше бірдей заттың атауын білдіреді. Мысалы: адам, тау, көл, өзен, қала, кітап, құс т.б.

Сұраулық шылаулар: ма, ме, ба, бе, па, пе.

Сұраулық шылаулар арқылы сұраулы сөйлемдер жасалады. Сұраулық шылаулар барлық сөз таптарымен қолданылады. Мысалы: Мынау сенің дәптерің бе? Мынау түс қызыл ма? Сен кітапханаға барасың ба?

Бақылау сұрақтары.

1 Зат есім дегеніміз не?

2. Жалпылай немесе жекелей атауына қарай зат есім нешеге бөлінеді?

3. Жалқы зат есімге нелер жатады?

4. Сұраулық шылаулар дегеніміз не ?

Бақылау тапсырмалары:

1. Зат есім. Жалпы және жалқы сан есім.

2. Сұраулық шылаулар.

3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

Понимаете ли вы по казахский? Умеете ли вы говорить по английский? Есть ли у тебя учебник математики? Ты любишь отдыхать? Изучить язык трудно или легко? Ты готовишься к уроку казахского языка каждый день?

28-сабақ. 4.8. Ілік септік. Көптік жалғауларын қайталау. Күз

Ілік септік бір заттың екінші затқа меншікті қатынасын білдіреді.

Сондықтан өзіне кейін тәуелдік жалғаулы сөзді керек етеді.

Сұрақтары: кімнің? ненің?

Жалғаулары: -ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің

Мысалы: адам + ның, бала +ның, тау + дың, дәптер + дің, геолог +тың, есік + тің.

Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша. Күзде күн қысқарады, түн ұзарады. Ауа-райы құбылмалы болады. Бұл мезгілде күн салқын. Жауын – шашын көбейеді.

Күзде жыл құстары жылы жаққа қайтады. Ағаштардың жапырақтары сарғаяды.

Күз – байлық, молшылық мезгілі. Себебі күзде көкөністер де, жемістер де, астық та піседі. Бұл мезгілде дала да, егін де, тоғай да сап-сары түске боялады. Сондықтан да халық күзді «алтын күз» дейді.

Күз – қауырт жұмыс кезі. Күзде адамдар да, аң да, жан-жануар да қысқа дайындалады. Күздің бір күні қыстың бір айын асырайды. Күзде аянбай еңбек етсең, қыста қысылмайсың.

Бақылау тапсырмалары:

1. Ілік септік
- 2.«Күз» тақырыбына тірек сөздерді пайдаланып әңгіме құрыңыз.
- 3.Сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз

Абайдың өлені, мұғалімнің үстелі, колледждің кітапханасы, кітаптың беті, Болаттың оқулығы, оның досы, Әлияның бөлмесі, мекеменің басшысы, сенің қаламың.

29-сабақ. 4.9. Барыс септік. Қыс.

Барыс септік бағыт – бағдарды, мақсатты білдіреді. Сұрақтары: кімге? неге? қайда?

Жалғаулары: -ға/-ге, -қа/-ке, -на/-не, -а/-е. Мысалы: қыз+ға, үй+ге, тақта+ға, Омаров+қа, мектеп+ке, әкесі+не, баласы+на, інім+е.

Қыс – ең суық жыл мезгілі. Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан. Желтоқсан – қыстың басы. Қыста күн қысқарады, түн ұзарады. Күн көзінің қызуы азаяды. Дала, орман, үйлер ақ қар жамылады. Өзендер мен көлдердің бетін көгілдір мұз жабады.

Қыста балалар аққала жасап, бір-біріне қар лақтырып ойнайды. Шанамен таудан сырғанап, шаңғы тебеді. Мұз айдынында коньки тебеді.

Бақылау сұрақтары.

- 1.Қазақ тілінде неше септік бар?
2. Барыс септік нені білдіреді?

Бақылау тапсырмалары:

1. Барыс септік
2. «Қыс» тақырыбына әңгіме құрыңыз.
3. Сөздерді қазақ тіліне аударыңыз.

В Караганду, к Андрею, в университет, за другом, за его книгой, к студенту, за учебником, в библиотеку, в город, к девушке, к озеру, за мелом.

30-сабақ. 4.10. Табыс септік. Тәуелдік жалғауларын қайталау. Наурыз мейрамы.

Табыс септік сұрақтары: кімді? нені?

Жалғаулары: -ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті, -н.

Мысалы: көше+ні, Наташа+ны, ән+ді, Жанар+ды, есік+ті, көйлегі+н, кітабы+н.

Қыстан кейін көптен күткен көктем де келеді. Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр.

Көктемде күн жылына бастайды. Қар ериді. Күн ұзарып, түн қысқарады. Күннің көзі жарқырайды. Кейде жылы жаңбыр жауып, оңтүстіктен жылы жел еседі. Бұл кезде ағаштар бүршік жарып, жер көктейді. Жылы жаққа ұшып кеткен жыл құстары қайтып оралады. Бұл мезгілде Наурыз мейрамы тойланады.

Наурыз – парсы сөзі, қазақша «Жаңа жыл», «жаңа күн» деген ұғымды білдіреді. 22 – наурызда күн мен түн теңеледі. Бұл күні наурыз көже дайындалады. Ол жеті түрлі тағамнан жасалады.

Бақылау сұрақтары.

1. Табыс септік қандай мағына береді?
2. Наурыз туралы не айта аласыз ?

Бақылау тапсырмалары:

1. Табыс септік.
2. Тірек сөздерді пайдаланып «Наурыз мейрамы» тақырыбына әңгіме құрыңыз.
3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

Он купил билет заранее. Она закончила школу в этом году. Возьми учебники у учителя. Я видела Наташу на улице.

31-сабақ. 4.11. Жатыс септік. Жаз.

Жатыс септік мекендік, мезгілдік мағынаны білдіреді.

Сұрақтары: кімде? неде? қайда? қашан?

Жалғаулары: -да/-де, -та/-те, -нда/-нде.

Мысалы: ауыл+да, Әсел+де, күз+де, қыс+та, Әсет+те, ағасы+нда, әкесі+нде.

Жаз маусымнан басталып, қыркүйекке дейін созылады. Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз.

Жазда желсіз, аспан көбінесе бұлтсыз ашық болады. Жаңбыр онша көп жаумайды. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады. Жазда жеміс-жидектер піседі.

Жаз айларында адамдар ерте тұрып, кеш жатады. Себебі, бұл мезгілде жұмыс көп болады. Сондай-ақ бұл көпшілікке ұнайтын мезгіл. Өйткені бұл демалыстың, каникулдың уақыты. Балалар да, үлкендер де өзенде, көлде суға шомылады, тауда серуендеп, табиғатты қызықтайды.

Кей жерлерде, әсіресе, оңтүстік аймақтарда өте ыстық болады.

Бақылау сұрақтары.

1. Жатыс септік қандай мағына береді?
2. Жыл мезгілдері туралы не айта аласыз ?

Бақылау тапсырмалары:

1. Жатыс септік.
2. «Жаз» тақырыбына әңгіме құрыңыз.
3. Сөздер мен сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз.

Учебник на столе, во вторник, летом, в будущем, тетради у меня, у его матери, в аудитории, в рассказе, ручка у её сестры, ты сходи в среду, он в городе.

32-сабақ. 4.12. Шығыс септік. Көмектес септік. «Керек» сөзін пайдалану. Демалыс күні.

Шығыс септік сұрақтары: кімнен? неден? қайдан?

Жалғаулары: -нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен

Мысалы: қала + дан, үй + ден, ағаш + тан, досым + нан, дәптер + ден

Көмектес септік сұрақтары: кіммен? немен? қалай?

Жалғаулары: қағаз + бен, тас + пен, Айнұр + мен, Қанат + пен

Мен колледжге аптасына бес күн барамын. Сондықтан менде екі күн демалыс – сенбі және жексенбі.

Демалыс күндері мен басқа күндерге қарағанда кешірек тұрамын. Таңғы астан кейін ата – анама үй жұмысына көмектесемін. Сенбі күні кешке достарыммен кездесемін. Біз таза ауада серуендейміз, кейде киноға барамыз.

Жексенбі күнді үйде өткіземін. Теледидар қараймын, музыка тыңдаймын, кітап оқимын, сабаққа дайындаламын. Кешкісін ерте жатамын, өйткені ертең ерте тұруым керек.

Бақылау сұрақтары.

1. Шығыс септік қандай мағына береді?

2 Демалыс күндері туралы не айта аласыз ?

Бақылау тапсырмалары:

1. Шығыс септік. Көмектес септік

2. Тірек сөздерді пайдаланып «Менің демалыс күнім» тақырыбына әңгіме құрыңыз

3. Сөздерді қазақ тіліне аударыңыз

Из мяса, из школы, от его друга, из песни, из озера, бумагой, ложкой, со студентами, от врача, с работы, из овощей, с друзьями, с молоком, от Олжаса, с моим товарищем.

33-сабақ. 4.13. Етістік. Етістіктің болымды және болымсыз түрі.

Мұражайда.

Заттың қимылын, іс -әрекетін білдіретін сөз табы етістік деп аталады.

Сұрақтары: не істеді? не істейді? не істеп жатыр? не қылды? қайтты?

Мысалы: барды, келді, сөйлеп тұр, келе жатыр, жазамын т.б. Етістік сөйлемде баяндауыш қызметін атқарады.

Болымсыз етістік іс-әрекеттің, амалдың болмағанын немесе болмайтынын білдіреді.

- ме, -ме, -бар, -бер, -па, -пе жұрнақтары арқылы жасалады.

Мысалы: оқы + ма, кел + ме, айт + па, кет + пе, жаз + ба, сен + бе

- Сәлеметсіз бе!

- Қош келдіңіз!

- Келіп – кетушілерді қабылдайсыздар ма?

- Иә, қабылдаймыз.

- Қанша теңге төлеу керек?

- Барлық бөлімдерді көресіздер ме?

- Әрине, барлығын

- Онда екі жүз теңге төлейсіздер. Абайдың туыстары мен достары туралы фильм бар. Көресіздер ме?

- Жаксы болар еді.

- Онда жүріңіздер, мен сіздерді таныстырайын. Жидебайдағы Абайдың мұражайында болдыңыздар ма?

- Жоқ, реті келмеді,

- Міндетті түрде барыңыздар. Өте бай мұражай.

- Міндетті түрде барамыз. Жаңадан салынған мұражай ғой.

- Жаңадан салынған. Сәулеті өте әдемі

Бақылау сұрақтары.

- 1 Етістік дегеніміз не?
2. Етістік сөйлемде ненің қызметін атқарады?
- 3 Болымсыз етістік қалай жасалады ?

Бақылау тапсырмалары:

1. Етістік. Етістіктің болымсыз түрі
2. Тірек сөздерді пайдаланып «Мұражайда» тақырыбына сұхбат құрыңыз
3. Етістіктерді қазақ тіліне аударыңыз

Не читайте, не уходите, не бери, не верь, не говорите, не открывайте, не выходи, не поднимайте, я не играю, он не думает, мы не раговариваем, вы не пишите, она не знает, я не видела, вы не закрыли.

34-сабақ. 4.14. Семестрлік бақылау жұмысы №3 Жазба жұмысы (диктант)

35-сабақ. 4.15. Етістіктің осы шағы. Бүгін жұмыс күні.

Етістіктің 3 шағы бар. Олар: осы шақ, өткен шақ, келер шақ.

Осы шақ істің сөйлеп тұрған кезде істеліп жатқанын білдіреді.

Осы шақтың 2 түрі бар:

- 1) нақ осы шақ
- 2) ауыспалы осы шақ

Нақ осы шақ екіге бөлінеді:

- 1) жай осы шақ
- 2) күрделі осы шақ

Жай осы шақ отыр, жатыр, тұр, жүр етістіктеріне жіктік жалғауының тіркеуі арқылы жасалады. Мысалы:

	Жекеше түрі		Көпше түрі
I жақ	Мен отырмын, жүрмін	I жақ	Біз отырмыз, жүрміз
II жақ	Сен отырсың, жүрсің Сіз отырсыз, жүрсіз	II жақ	Сендер отырсыңдар, жүрсіндер Сіздер отырсыздар, жүрсіздер
III жақ	Ол отыр, жүр	III жақ	Олар отыр, жүр

Күрделі осы шақ етістікке көсемшенің – ып, - іп, -п жұрнағы мен отыр, жатыр, тұр, жүр көмекші етістіктердің біреуінің тіркеуі арқылы жасалады. Жіктік жалғау көмекші етістікке жалғанады.

Мысалы: Мен жаз –ып отыр –мын. Сендер оқ-ып отыр-сыңдар. Ол сөйле –п тұр.

Ауыспалы осы шақ етістікке көсемшенің –а, -е, -й жұрнағы мен оған жіктік жалғауының тіркесуі арқылы жасалады.

Мысалы: Мен айт + а +мын, сен бар +а +сың, біз сөйле + й + міз, олар кел + е +ді

Мен күнде таңғы сағат алты жарымда оянамын. Киінемін, беті- қолымды жуамын, тісімді тазалаймын. Таңғы асымды сағат жетіде ішемін. Содан кейін жетіден жиырма минут кеткенде аялдамаға келіп, автобуспен колледжге барамын. Себебі бізде бірінші сабақ сегізден он бес минут кеткенде басталады.

Біз күніне төрт сабақ, аптасына бес күн. Сабақ түстен кейін сағат үште аяқталады. Сабақтан кейін оқу залына барамын.

Мен үйге кешкі сағат бесте келіп, келесі күннің үйге берген тапсырмасын орындаймын. Кешкі астан кейін мен шамалы ата-анама көмектесемін. Содан кейін теледидар көремін. Түнгі сағат он бірде ұйықтаймын.

Бақылау сұрақтары.

1. Етістіктің неше шағы бар?
2. Осы шақ дегеніміз не?
3. Жай осы шақ қалай жасалады? Мысал келтіріңіз.

Бақылау тапсырмалары:

1. Етістіктің осы шағы. Мысал келтіріңіз
2. «Менің жұмыс күнім» тақырыбына әңгіме құрыңыз
3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз

Мы сидим в читальном зале. Его мама работает на заводе. Я с друзьями гуляю в парке. Студенты сидят в общежитии. Мы стоим в аудитории. Настя живет в этом доме.

36-сабақ. 4.16. Өткен шақтың түрлері. Жедел өткен шақ. Жол жүру

Өткен шақ іс-әрекеттің сөйлеп тұрған уақыттан бұрын болғанын білдіреді.

Өткен шақтың 3 түрі бар:

- 1) жедел өткен шақ
- 2) бұрынғы өткен шақ
- 3) ауыспалы өткен шақ

Жедел өткен шақ етістік түбіріне –ды, –ді, –ты, –ті жұрнағы мен жіктік жалғауының тіркелуі арқылы жасалады.

Мысалы:

	Жекеше түрі		Көпше түрі
I жақ	Мен жаздым, кеттім	I жақ	Біз жаздық, кеттік
II жақ	Сен жаздың, кеттің Сіз жаздыңыз, кеттіңіз	II жақ	Сендер жаздыңдар, кеттіңдер Сіздер жаздыңыздар, кеттіңіздер
III жақ	Ол жазды, кетті	III жақ	Олар жазды, кетті

Мен геологиялық барлау колледжінің студентімін. Мен қызмет бабымен ел ішінде немесе шетелге сапар шекпеймін. Өйткені студентпін. Ата-анама баруым керек. Жақында каникул. Менің ата-анам Қарағандыда тұрады. Қарағанды қаласына ұшақ, пойыз және автобустар жүреді. Осы жолы пойызға отырамын. Міне, анықтама бюросына келіп тұрмын.

- Қарағандыға дейін қандай пойыз жүреді? Қай кассада билет сатып алуға болады?
- Қарағандыға екі пойыз жүреді. Билетті бесінші кассада сатып алыңыз.

Менің қол жүгім ауыр емес. Перронда жүк көтерушілер, жолаушылар көп. Алтыншы вагонды іздеп тауып төсек- орын алдым. Төменгі орынға орналастым. Жолсеріктен газет, журнал алдым. Қарағандыға пойыз бір тәулік жүреді. Қайтқанда автобуска отырамын.

Бақылау сұрақтары.

1. Өткен шақтың неше түрі бар?
2. Өткен шақ дегеніміз не?
3. Өткен шақ қалай жасалады? Мысал келтіріңіз.

Бақылау тапсырмалары:

1. Өткен шақ. Жедел өткен шақ
2. Тірек сөздерді пайдаланып «Жол жүру» тақырыбына әңгіме құрыңыз.
3. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

Беріктің ағасы биыл мектеп бітірді. Студенттер қазақ тілі сабағында жазуды, оқуды және сөйлесуді үйренді. Былтыр біз емтиханды жақсы тапсырдық. Виктор қазақ тіліне көп дайындалды.

37-сабақ. 4.17. Жедел өткен шақтың болымсыз түрі. Саяхат

Жедел өткен шақтың болымсыз түрі: - ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнақтары арқылы жасалады.

Мысалы:

	Жекеше түрі	Көпше түрі
I жақ	Мен жазбадым, бермедім	I жақ Біз жазбадық, бермедік
II жақ	Сен жазбадың, бермедің Сіз жазбадыңыз, бермедіңіз	II жақ Сендер жазбадыңдар, бермедіңдер Сіздер жазбадыңыздар, бермедіңіздер
III жақ	Ол жазбады, бермеді	III жақ Олар жазбады, бермеді

Мен коллежден жолдама алып, Мәскеу, Санк –Петербург қалаларына сапар шектім. Бұл менің үлкен қалаларға бірінше рет саяхат жасауым. Алматыдан Санк – Петербургке алдын – ала бару, қайту билеттерін орталық аэрокассадан алу керек. Анықтама бюросынан: «Санк- Петербургке қандай ұшақ ұшады, қашан және қанша сағат ұшады?»- деп сұрадым.

Отызыншы рейске билет алдым. Ұшақ сағат кешкі сегізде ұшады екен. Орталық аэропортқа келіп қол жүгімді өлшеттім, тіркеуден өттім. Ұшаққа отырғызу басталды. Әркім өз орнына орналасты. Стюардесса: «Белдіктеріңізді ілгектеңіздер, темікі тартуға болмайды, ұшақ 8000 (сегіз мың) метр биіктікте, сағатына 1000 (бір мың) километр жылдамдықпен ұшады» - деп хабарлап жатыр.

Ұшақ қонуға бет алды. Стюардесса Санк-петербургтегі ауа –райы туралы, заттарымызды жол жүгі бөлімінен алатынымызды хабарлап тұр. Санк – Петербургтен Мәскеуге пойызға отырып барамыз, ал үйге ұшаққа отырып ұшамыз.

Бақылау тапсырмалары:

1. Жедел өткен шақтың болымсыз түрі. Мысал келтіріңіз
- 2.«Саяхат» тақырыбына әңгіме құрыңыз
3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз

Я вчера не ходил в библиотеку. Алена не готовилась к уроку, а Настя готовилась. Ты не помогал маме, я помогала. Мы не писали ему письмо. Они вчера не принесли продукты из магазина.

38-сабақ. 4.18. Бұрынғы өткен шақтың 1 және 2 түрі туралы түсінік. Перронда

Бұрынғы өткен шақ екі түрлі тәсілмен жасалады:

- 1) Етістік түбіріне көсемшенің –ып, -іп, -п жұрнағы мен жіктік жалғауының тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы:

	Жекеше түрі		Көпше түрі
I жақ	Мен келіппін	I жақ	Біз келіппіз
II жақ	Сен келіпсің	II жақ	Сендер келіпсіңдер
	Сіз келіпсіз		Сіздер келіпсіздер
III жақ	Ол келіпті	III жақ	Олар келіпті

- 2) Етістік түбіріне –ған, -ген, -қан, -кен жұрнағы мен жіктік жалғауының тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы:

	Жекеше түрі		Көпше түрі
I жақ	Мен айтқанмын	I жақ	Біз айтқанбыз
II жақ	Сен айтқансың	II жақ	Сендер айтқансыңдар
	Сіз айтқансыз		Сіздер айтқансыздар
III жақ	Ол айтқан	III жақ	Олар айтқан

- Кешіріңіз, жетінші пойыз қашан жүреді?
- Пойыздың жүруіне 30 минут қалды. Жетінші пойызға отырғызу басталды.
- Пойыз Алматыға қай жолдан жүреді?
- Бірінші жолдан, екінші платформадан.
- Сіз де Алматыға дейін барасыз ба?
- Иә. Сіздің билетіңіз нешінші вагонға?
- Мен сегізінші вагонға отыруым керек?
- Келесі бекетте (станция) пойыз неше минут тұрады?
- Бес минут
- Алматыға дейін неше тәулік жүреміз?
- Бір тәулік жүреміз
- Жарайды. Сапарымыз сәтті, болсын! (Счастливого нам пути!)

Бақылау тапсырмалары:

1. Бұрынғы өткен шақ. Мысал келтіріңіз
2. «Перронда» тақырыбына сұхбат құрыңыз
3. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

Саша Абай өлеңдерін кітапханадан тауыпты. Женя өткен аптада Астанаға барыпты. Сіз қазақ тілін тез үйреніпсіз.

39-сабақ. 4.19. Болымсыздық шылау «емес». Әуежайда

Кроме отрицательных суффиксов –ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе в образовании отрицательной формы глагола принимают участие и отрицательные слова жоқ и емес. Они, как правило, всегда стоят в конце предложения и принимают личные окончания глагола: Мен оны көрген жоқпын. -Мен оны көрген емеспін

Между двумя формами имеется различие. Емес имеет значение более категоричного и полного отрицания, чем жоқ:
Мен оны көрген жоқпын – Я его не видел

Мен оны көрген емеспін – Я его совсем не видел

И жоқ, и емес могут употребляться одновременно в одном предложении:
Менің баратын жерім жоқ емес - Мне есть куда пойти.

Емес не используется с деепричастием, а только с причастиями: барған емеспін, көретін емес, іздемек емес, танысар емес.

Жоқ также не используется с деепричастиями и сочетается только с одной формой причастия на –ған, -ген, - қан, - кен: отырған жоқ, берген жоқ, айтқан жоқ, жеткен жоқ.

В отличие от жоқ, емес употребляется с именными частями речи: именами существительными – терезе емес; с именами прилагательными – жаман емес; с числительными – бес емес; с местоимениями – мен емес; с наречиями – бүгін емес.

- Кешіріңіз, Шымкентке дейін неше сағат ұшамыз?
- Шымкентке дейін 1 сағат 10 минут ұшамыз.
- Ұшақ жолда қона ма?
- Жоқ, қонбайды
- Шымкентте ауа райы қандай екен?
- Шымкентте күн өте ыстық
- Құлағым бітіп қалды
- Стюардессаны шақырыңыз. Ол сізге минералды су, гигиеналық пакет береді.
- Иә, шақырғаным жөн болар. Қол жүгімізді қай жерден аламыз?
- Қол жүгі бөлімінен аласыз. Сізді кім қарсы алады?
- Балам қарсы алу керек
- Сіз бірінші рет ұшып келесіз бе?
- Иә, бұрын пойызға отыратынмын
- Міне, ұшақ қонуға алды.

Бақылау тапсырмалары:

1. Болымсыздық шылауы «емес». Мысал келтіріңіз.
2. «Әуежайда» тақырыбына сұхбат құрыңыз.
3. Орыс тіліне аударыңыз.

Келген емес, жазған жоқсың, көрген емеспін, ұйықтаған жоқпын, айтқан емесіздер, оқыған емеспін, үйреткен жоқсың, тыңдаған емессіз.

40-сабақ. 4.20. Етістіктің келер шағы. Ауыспалы келер шақ. Асханада.

Келер шақтың үш түрі бар:

- 1) ауыспалы келер шақ
- 2) болжалды келер шақ
- 3) мақсатты келер шақ

Ауыспалы келер шақ етістік түбіріне көсемшенің –а, -е, -й жұрнақтары мен жіктік жалғауының тіркесуі арқылы жасалады.

Ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақ бір-бірінен сөйлемдегі мағынасына қарай ажыратылады.

Мысалы: Ол қазақша сөйлей + ді (осы шақ)

Ол ертең жұмысқа бара + ды (келер шақ)

Біздің колледжде екі асхана бар. Біреуі колледждің бірінші қабатында, екіншісі жатақханада орналасқан.

Біз түскі асты осы асханадан ішеміз. Мұнда салқын тағамдар, ыстық тағамдар, сүт тағамдары және сусындар сатады.

Түскі асқа біріншіге сорпа немесе борщ, екіншіге қуырдақ, манти, үшіншіге шай немесе шырын, кейде айран аламын.

Дасқарқан мәзірін көрген соң, тапсырыс беремін. Мұнда даяшы болмайды, сондықтан бұл асханада өзіне - өзі қызмет етеді. Асхананың іші таза, жарық, кең. Асхана қызметкерлері көпшілікке мінсіз қызмет етеді.

Бұл асханада студенттер, қызметкерлер, мұғалімдер тамақтанады.

Бақылау сұрақтары.

1 Келер шақтың неше түрі бар?

2. Келер шақ дегеніміз не?

3 Келер шақ қалай жасалады? Мысал келтіріңіз.

Бақылау тапсырмалары:

1. Келер шақ. Ауыспалы келер шақ. Мысал келтіріңіз.

2.Тірек сөздерді пайдаланып «Асханада» тақырыбына әңгіме құрыңыз.

3.Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз

Завтра мы идем в кино. К нам на следующий год приедут родственники из России. После завтра мы отметим день рождения моей сестры. В следующий раз я прочитаю много книг.

41-сабақ. 4.21. Болжалды келер шақ. Мейрамханада

Болжалды келер шақ етістік түбіріне есімшенің –ар, -ер, -р жұрнағы мен жіктік жалғауының тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы:

	Жекеше түрі		Көпше түрі
I жақ	Мен келермін	I жақ	Біз келерміз
II жақ	Сен келерсің	II жақ	Сендер келерсіңдер
	Сіз келерсіз		Сіздер келерсіздер
III жақ	Ол келер	III жақ	Олар келер

- Тамақтанғыңыз келе ме?
 - Әрине
 - Ендеше мейрамханаға барайық
 - Ана жердегі орынға отыруға қалай қарайсыз?
 - Егер үстел бос болса отырайық
 - Даяшы дастарқан мәзірін беріңізші
 - Міне, алыңыз
 - Сіздер нені қалайсыздар?
 - Біз әлі таңдаған жоқпыз? Сіз бізге не алуды ұсынасыз?
 - Бұл мейрамхана тамағының бәрі дәмді.
 - Ендеше, біріншіге маған кеспе көже, ал жолдасыма қышқылтым көже беріңіз.
- Ал екіншіге қуырдақ пен салат, сүт қосылған шай және екі тәтті тоқаш аламыз
- Ас тәтті болсын!

- Рақмет, сіздің де тәбетіңіз артсын!

Бақылау тапсырмалары:

1. Болжалды келер шақ. Мысал келтіріңіз
2. «Мейрамханада» тақырыбына сұхбат құрыңыз
3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз

Ты, наверное, завтра поедешь в Костанай. Мы, возможно, закончим учебный год хорошо. Алена, может быть, купит билет в театр. Я, наверное, поговорю с другом.

42-сабақ. 4.22. Мақсатты келер шақ. Емханада

Мақсатты келер шақ етістік түбіріне – мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек жұрнағы мен жіктік жалғауының тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы:

	Жекеше түрі		Көпше түрі
I жақ	Мен айтпақпын	I жақ	Біз айтпақпыз
II жақ	Сен айтпақсың	II жақ	Сендер айтпақсыңдар
	Сіз айтпақсыз		Сіздер айтпақсыздар
III жақ	Ол айтпақ	III жақ	Олар айтпақ

Мен емханаға бардым. Тіркейтін жерде дәрігердің қабылдауына жазылдым. Дәрігер бесінші кабинетте қабылдайды екен.

- Рұқсат па?
- Рұқсат
- Қай жеріңіз ауырады?
- Менің қызуым жоғары. Басым және тамағым ауырады. Жөтеліп, түшкіремін.
- Тамағыңызды көрсетіңіз, тексерейін. Киіміңізді шешіңіз. Өкпеңіз бен жүрегіңізді тыңдаймын, қызуыңызды өлшеймін. Сіз баспа аурымен ауырыпсыз. Қазір рецепт жазып берейін. Дәріханадан дәрі сатып алыңыз. Дәріні тамақтан кейін күніне үш рет ішіңіз. Ыстық сүт ішіңіз. Жұма күні келесіз. Емделіңіз, жазылыңыз, ауырмаңыз.

Сау болыңыз!

- Сау болыңыз!

Бақылау тапсырмалары:

1. Мақсатты келер шақ. Мысал келтіріңіз
2. «Емханада» тақырыбына сұхбат құрыңыз
3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

Вы намерены получить кредит (несие) в банке? Я намерена написать заявление. Он намерен вернуться через неделю. Ты намерен завтра пойти в театр.

43-сабақ. 4.23. Етістік. Етістіктің шақтарын қайталау

Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Етістік дегеніміз не?
2. Етістік қандай сұрақтарға жауап береді?
3. Етістік мағынасына қарай қандай түрлерге бөлінеді?
4. Етістіктің неше шағы бар?

5. Келер шақ дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар? Олар қалай жасалады?
6. Өткен шақ дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар? Олар қалай жасалады?
7. Осы шақ дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар? Олар қалай жасалады?

Берілген тапсырмаларды орындаңыз:

- Сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз, етістіктің қай шақта тұрғанын анықтаңыз.
Ертең барамыз, келе жатыр, ауызша жауап берді, емтихан тапсырмақшы, ауылға барыпты, дүниеге келген, жақсы оқыған, жазып отыр.
- Берілген сөздерге морфологиялық талдау жасаңыз: бара жатыр, тұрған, айтпақ, келген, оқыпты.
- Етістіктің әр шағына үш- үштен сөйлем құрыңыз.
- Кітаппен жұмыс: 143-бет, 16-жаттығу.

44-сабақ. 4.24. Бақылау жұмысы №3 **Жазба жұмысы (диктант). Морфологиялық талдау.**

45-сабақ. 4.25. Негізгі және туынды зат есім. Зат есімнің есімдерден жасалуы. Дәрігердің қабылдауында. Дәріханада.

Зат есім тұлғасына қарай екіге бөлінеді:

1) негізгі зат есім

2) туынды зат есім

Негізгі зат есім – бұл толық мағына беретін түбір сөздер. Мысалы: тау, тас, бата, қалам, жапырақ т.б.

Туынды зат есім зат есімге немесе басқа сөз таптарына жұрнақ жалғану арқылы жасалады. Мысалы: біл +ім, күл + кі, жұмыс + шы т.б.

Есім сөздерден зат есім жасайтын жұрнақтар.

- 1) – шы, -ші: би +ші, мал + шы, күй + ші
- 2) – лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік: бала + лық, ер + лік, ана + лық, кісі + лік
- 3) – кер, - гер: дәрі + гер, қызмет + кер
- 4) – хана, -кеш, -стан, -паз, -қор, -қой: ас +хана, арба + кеш, Қазақ +стан
- 5) –лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес: жер + лес, жол +дас, ат + тас
- 6) –шылық, -шілік: шаруа + шылық, кең + шілік
 - Кіруге бола ма?
 - Кіріңіз отырыңыз
 - Қай жеріңіз ауырады?
 - Денем біресе қызады, біресе қалтырайды. Әлсірей беремін. Тәбетім де жоқ.
 - Ауырғаныңызды қашан сездіңіз?
 - Кешеден бері
 - Тіліңізді көрсетіңіз. Жиі ауырасыз ба?
 - Соңғы кезде денсаулығым нашарлап жүр

- Шешіңіз. Қызуыңызды өлшейін, өкпеңізді және жүрегіңізді тыңдайын. Сізге қатты суық тиген екен. Баспаңыз да бар. Қазір сізге емделу курсына тағайындаймын. Дәріні тамақтың алдында күніне үш рет қабылдайсыз. Бал қосқан сүт ішіңіз. Дәрігердің қабылдауына сәрсенбі күні келесіз. Емделіңіз.
- Рақмет. Сау болыңыз

Бақылау сұрақтары.

- 1 Зат есім тұлғасына қарай қандай түрлерге бөлінеді?
2. Туынды зат есім дегеніміз не?

Бақылау тапсырмалары:

1. Негізгі және туынды зат есім. Мысал келтіріңіз
2. «Дәрігердің қабылдауында» тақырыбына сұхбат құрыңыз
3. Сөздерді қазақ тіліне аударыңыз

Писатель, певец, художник, детство, дружба, шестерка, тройка, домик, книжка, земляк, поликлиника, врач, служащий, товарищ.

46-сабақ. 4.26. Зат есімнің етістіктен жасалуы. Базарда

Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтар:

- 1) –с, –ыс, –іс: айт +ыс, жең + іс, күре + с
- 2) –м, –ым, –ім: бөл + ім, біл + ім
- 3) –ма, –ме, –ба, –бе, –па, –пе: көр +ме, кес +пе, қой +ма
- 4) –к, –қ, –ық, –ік, –ақ, ек: тара +қ, күре + қ, сыз +ық, бөл +ік
- 5) – қы, –кі, –ғы, гі: күл +кі, бұр +ғы, шол +ғы
- 6) –ыш, –іш: қуан +ыш, өкін +іш, сүйін +іш
- 7) –уыш, –уіш: түйре +уіш, баста +уыш, анықта +уыш
- 8) –ғыш, –гіш, –қыш, –кіш: сыпыр +ғыш, біл +гіш

Жексенбі күні базарда адам көп болады. Базардың іші ығы-жығы халық.

Базар сөрелерінде жемістерден: алқызыл алма, алмұрт, шабдалы, қара өрік; жидектерден: құлпынай, таңқұрай, шие, қызыл шие, қарақат үйіліп жатыр. Енді бір сөрелерде көкөністен картоп, сәбіз, сарымсақ, қияр, пияз, қызанақ, көк бұршақ, бұрыш жатыр. Базардың іші мен сыртында қауын, қарбыз, асқабақтан аяқ алып жүре алмайсың. Бұл өнімдердің бағасы да әртүрлі.

Адамдар базарға осы көкөніс, жеміс – жидектерді алу үшін барады. Қала халқы, әсіресе, күзде базарға көп барады.

Бақылау сұрақтары.

1. Зат есім етістіктен қандай жұрнақтар арқылы жасалады? Мысал келтіріңіз

Бақылау тапсырмалары:

1. Зат есімнің етістіктен жасалуы. Мысал келтіріңіз
2. «Базарда» тақырыбына әңгіме құрыңыз
3. Сөздерді қазақ тіліне аударыңыз

Знания, список, склад, пуговица, война, выговор, победа, борьба, защита, смех, метла, желания.

47-сабақ. 4.27. Негізгі сын есім. Туынды сын есім. Пошта.

Заттың түрін, түсін, сапасын, сынын, көлемін білдіретін сөз табы сын есім деп аталады.

Сұрақтары: қандай? қай?

Сөйлемде сын есім анықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: Үстелде әдемі гүл тұр.

Сын есім тұлғасына қарай екіге бөлінеді:

- 1) негізгі сын есім –сары, таза, биік, терең, жақсы.
- 2) туынды сын есім - ақыл + ды, қыс +қы, әл +сіз, біл + гіш

Күн сайын біз адамдармен әр түрлі жолмен байланыс жасаймыз. Олар: хат, телефон, факс, электронды пошта, интернет және т.б.

Бұрын адамдар хат – хабарларды түйе немесе ат арбамен ондаған, жүздеген шақырым жол жүріп әрең жеткізетін. Кейіннен Қазақстанның қалаларында, облыстарында, аудандарында, ауылдарында пошта бөлімшелері ашылды.

Алматы (бұрынғы Верный) қаласында пошта бөлімшесі 1860 жылы ашылған.

Республикамыздағы ең ірі пошта бөлімі –Орталық пошта. Мұнда пошта байланысының барлық түрі бар. Ол – республикамыздағы ең ірі байланыс жүйесі. Бұл жерден адамдардың жеделхат, сәлемдеме, бандероль жіберуге, ақша аударуға әлі де мүмкіндіктері бар.

Орталық поштада қалааралық сөйлесу жүйесі де бар.

Бақылау сұрақтары.

- 1 Сын есім дегеніміз не?
2. Сөйлемде сын есім ненің қызметін атқарады?
- 3 Сын есім тұлғасына қарай қандай түрлерге бөлінеді?

Бақылау тапсырмалары:

1. Негізгі сын есім. Туынды сын есім. Мысал келтіріңіз
- 2.Тірек сөздерді пайдаланып «Пошта» тақырыбына әңгіме құрыңыз
- 3.Сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз

Ескі үй, қызықты кітап, қара көйлек, тәтті шырын, қышқыл айран, жазғы демалыс, бұлтсыз аспан, күшті адам, таңертеңгі ас, дәмсіз тамақ, ұжымдық жиналыс, жіңішке жол.

48-сабақ. 4.28. Сын есімдердің есімдерден жасалуы. Телефон арқылы сөйлесу.

Есімдерден сын есім тудыратын жұрнақтар:

1. –лы, –лі, –ды, –ді, –ты, –ті: күш+ті, ақыл+ды, жара+лы.
 2. –сыз, –сіз: бұлт+сыз, үй+сіз.
 3. –қы, –кі, –ғы, –гі: жаз+ғы, кеш+кі, сырт+қы.
 4. –лық, –лік, –дық, –дік, –тық, –тік: қала+лық, жыл+дық, облыс+тық.
 5. –дай, –дей, –тай, –тей: сүт+тей, тау+дай, тас+тай.
 6. –шыл, –шіл: ұйқы+шыл, ойын+шыл.
 7. –и: саяси, тарихи, әдеби, рухани.
 8. –шаң, –шең: бой+шаң, сөз+шең, киім+шең.
- Мен Астанамен шұғыл түрде сөйлесейін деп едім.
 - Желі бос емес.
 - Жақсы.
 - Нөмеріңіз жауап бермейді.

- Өтінемін қайтадан шақырыңызшы.
- Ендеше, сізге 20 минут күтуге тура келеді.
- Астана бесінші кабинаға барыңыз.
- Алло! Алло! Кешіріңіз мені дұрыс байланыстырмадыңыз. Нашар естіліп тұр.
- Кешірім сұраймын. Желі бұзылыпты.
- Оқасы жоқ. Ертең келемін.
- Сау болыңыз!

Бақылау тапсырмалары:

1. Сын есімдердің есімдерден жасалуы. Мысалдар келтіріңіз.
2. «Телефон арқылы сөйлесу» тақырыбына сұхбат құрыңыз.
3. Сөздерді қазақ тіліне аударыңыз.

Соленый, умный, вкусный, районный, областной, вчерашний, осенний, безоблачный, глупый, прошлогодний, летний, как молоко, геологический, безводный, коллективный, как ребенок.

49-сабақ. 4.29. Сын есімдердің етістіктен жасалуы. Әмбебап дүкені.

Етістіктен сын есім жасайтын жұрнақтар:

1. -ғақ/-гек, -қақ/-кек: тай+ғақ, ұрыс+қақ, жабыс+қақ.
2. -ақ, -ек, -ық, -ік, -қ, -к: аш+ық, ақса+қ, бө+лек, қорқ+ақ.
3. -ғыш/-гіш, -қыш/-кіш: біл+гіш, оқы+ғыш, айт+қыш.
4. -шақ/-шек: ұял+шақ, ерін+шек, қызған+шақ.
5. -ынды/-інді, -нды/-нді: ту+ынды, асыра+нды, серп+інді.
6. -малы/-мелі, -балы/-белі, -палы/-пелі: ауыс+палы, таңда+малы, ас+палы.
7. -ымды/-імді, -мды/-мді: шыда+мды, қон+ымды.
8. -улы/-улі: жаб+улы, тірке+улі.
9. -ғыр/-гір, -қыр/-кір: тап+қыр, ал+ғыр.

Алматыда орталық әмбебап дүкені бар. Бұл қаланың орталығында орналасқан. Дүкен үш қабатты, іші өте кең. Мұнда балалардың ойыншығынан бастап ине-жіпке дейін сатылады.

Бірінші қабатта спорт, электр, теледидар, радио және үй-ішіне қажетті кілем, палас, кір жуғыш машина, тоңазытқыш, ыдыс-аяқ т.б. заттар орналасқан.

Екінші қабатта ерлерге арналған сырт, іш киімдер, аяқ киімдер сатады. Галантерея, парфюмерия, сыйлықтарға арналған бөлімдер де осында. Үшінші қабаттың бәрі түгелдей әйелдерге арналған. Сондай-ақ түрлі маталар, дастарқан, орамалдар сатады.

Орталық әмбебап дүкенінің сатушылары ұқыпты, сыпайы адамдар. Қала тұрғындары, басқа жақтан келген қонақтар орталық әмбебап дүкенін жақсы біледі.

Бақылау тапсырмалары:

1. Сын есімдердің етістіктен жасалуы. Мысал келтіріңіз.
2. Тірек сөздерді пайдаланып «Әмбебап дүкені» деген тақырыпта әңгіме құрыңыз.
3. Сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз.

Горячий чай, светлая комната, узкая улица, терпеливый человек, кочевой народ, производный глагол, избранные произведения, справедливый судья.

50-сабақ. 4.30. Көмекші есімдер. Дүкенде.

Қазақ тіліндегі көмекші есімдер:

үсті – үстелдің үстінде;

асты – төсектің астында;

арты – дүкеннің артында;

жаны, қасы – ауылдың жаны, саябақтың қасында;

іші – дәрісхананың ішінде;

сырты – үйдің сыртында;

арасы – мектеп пен үйдің арасы;

алды – ғимараттың алдында;

басы – бұлақтың басы;

арқысы – анасының арқасында.

- Сен қайда бара жатырсың?

- Мен азық-түлік дүкеніне бара жатырмын.

- Сен бұл дүкенге күнде келіп жүрсің бе?

- Иә, мен бұл дүкенге күнде келемін.

- Бұл дүкенде қандай бөлімдер бар?

- Ет бөлімі, сүт бөлімі, нан бөлімдері бар. Ет бөлімінде сиыр еті, қой еті, жылқы еті және шошқа еттері сатылады. Сүт бөлімінде айран, қаймақ, қатық, сүт, ірімшік, сары май бар.

- Сен дүкенге не алуға келе жатырсың?

- Қазір мен дүкеннен азық-түлік алуға келе жатырмын. Үйге нан, май, қант, шай, ұн және күріш керек. Мұнда майға, қантқа, етке кезекте адамдар көп. Нанға, жұмыртқаға кезек жоқ. Сүтке, айранға, қаймаққа таңертең ерте бару керек.

Бақылау сұрақтары.

1 Қазақ тіліндегі көмекші есімдер дегеніміз не?

2. Дүкенде қандай бөлімдер бар?

Бақылау тапсырмалары:

1.Көмекші есімдер. Мысал келтіріңіз.

2. «Дүкенде» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

Перед домом очень красиво. Возле нашего дома есть яблоня. Напротив школы есть аптека. Встань за мной. Возле магазина есть базар. Цветок стоит на подоконнике.

51-сабақ. 4.31. Сан есім. Реттік сан есім. «Әсем» - тұрмыс үйі.

Сан есім заттың санын, ретін, есебін білдіреді. Сұрақтары: қанша? неше? нешінші? нешеу?

Сан есім мағынасына қарай 6 топқа бөлінеді:

1. Есептік сан есім.

2. Реттік сан есім.

3. Жинақтау сан есім.

4. Болжалдық сан есім.

5. Топтау сан есім.

6. Бөлшектік сан есім.

Реттік сан есім заттың саналу ретін білдіреді. Сұрағы: нешінші?

Есептік сан есімге –ыншы/-ншы, –інші/-нші жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: екінші, алтыншы, оныншы, жиырма бесінші т.б.

«Әсем» - тұрмыстық қызмет көрсететін үй. Мұнда халыққа қызмет көрсетудің түрлері көп. «Әсем» - үш қабатты көрікті үй.

Бірінші қабатта сағат, тұрмыстық машиналар, жөндеу және зергерлік бұйымдар жасау, суретке түсіру шеберханалары орналасқан.

Екінші қабатта радио, теледидар жөндейтін шеберханалар жұмыс істейді.

Үшінші қабатта аяқ киім тігу және жөндеу шеберханалары орналасқан.

Ең астыңғы қабатта кір жуатын, химиялық тазарту мен бояу жұмыстарын орындайтын пункттер мен шаштараздар бар.

«Әсем» - тұрмыс үйі – қала халқына тез және шапшаң қызмет көрсететін орталық.

Бақылау сұрақтары.

1 Сан есім дегеніміз не?

2. Сан есім мағынасына қарай неше топқа бөлінеді?

3. Реттік сан есім қалай жасалады? Мысал келтіріңіз

Бақылау тапсырмалары:

1. Сан есім. Реттік сан есім. Мысал келтіріңіз.

2. Тірек сөздерді пайдаланып «Әсем – тұрмыс үйі» тақырыбына әңгіме құрыңыз.

3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

Я учусь на первом курсе. В магазине купил пять тетрадей за тридцать пять тенге, три карандаша за сорок пять тенге. Мы живем в большом доме, на втором этаже. В нашей группе тридцать два студента. Алексей учиться на четвертом курсе.

52-сабақ. 4.32. Жинақтау сан есім. Шаштаразда. Тігіншіде. Етікшіде.

Жинақтау сан есімнің сұрағы: нешеу?

Есептік сан есімге –ау/ -еу жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Жинақтау сан есімі – жетеу. Мысалы: біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу.

- Сәлеметсіз бе! Мен шашымды химиялық жолмен бұйралатқым келеді.

- Шашыңызды боятасыз ба?

- Иә, қоңыр түске боятқым келеді.

- Өзіңізбен бірге бояуыңыз бар ма?

- Әрине. Сондай-ақ шашымды сәнді етіп қию керек.

- Меніңше, шашыңызды қиюдың қажеті жоқ. Мен сіздің шашыңызды жатқызып тарап, сәндеп берейін.

- Жақсы.

- Маникюр, педикюр жасатасыз ба?

- Жоқ, рахмет.

- Оқасы жоқ. Барлығын есептегенде 1200 теңге төлейсіз.

Бақылау сұрақтары.

1 Жинақтау сан есім қалай жасалады? Мысал келтіріңіз

Бақылау тапсырмалары:

1. Жинақтау сан есім. Мысал келтіріңіз.
2. «Шаштаразда» тақырыбына сұхбат құрыңыз.
3. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

Біз екеуміз. Менің кітабым – үшеу. Олардың үшеуін кинотеатрдан көрдім. Бұл туралы жетеуінен сұраңыз. Төртеуінде де қалам жоқ. Ертеңгі жиналыс туралы екеуіне айттыңыз ба?

53-сабақ. 4.33. Есімдіктер туралы жалпы түсінік. Алматы.

1. Жіктеу есімдіктері: мен, сен, ол, біз, сендер, сіздер, олар.
2. Сілтеу есімдіктері: бұл, осы, мынау, сол, анау.
3. Сұрау есімдіктері: кім? не? қашан? қайда? қандай? қалай?
4. Өздік есімдіктері: өз, өзім, өзің, өзіңіз, өзіміз.
5. Белгісіздік есімдіктері: біреу, әркім, әрбір, әлдеқайда, кейбір.
6. Болымсыздық есімдіктері: ешкім, ешбір, ешқайда, ештеңе, ешқашан.
7. Жалпылау есімдіктері: барлық, бәрі, бүкіл, барша, тегіс.

Алматы қаласы – Қазақстан Республикасының бұрынғы астанасы. Ол - өте әдемі және үлкен қала. Алматыда үлкен Алматы, кіші Алматы өзендері бар. Медеу мұз айдыны Алматыға жақын. Алатау тауы Алматы қаласына ерекше көрік береді. Түзу әрі кең көшелерде автобустар, троллейбустар, трамвайлар жүреді.

Алматы – жастар қаласы, студенттер ордасы. Онда театрлар, мәдениет сарайлары, оқу орындары өте көп.

Алматы қаласындағы ықшамаудандар: «Көктем», «Самал», «Ақсай», «Айнабұлақ» т.б. Алматыда «Шұғыла», «Байқоңыр», «Қазақстан» кинотеатрлары бар.

Бақылау сұрақтары.

1. Есімдік дегеніміз не ?
2. Есімдік мағынасына қарай неше түрге бөлінеді?

Бақылау тапсырмалары:

1. Есімдік және оның түрлері. Мысал келтіріңіз.
2. Тірек сөздерді пайдаланып «Алматы қаласы» тақырыбына әңгіме құрыңыз.
3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

У меня есть младшая сестра. Она умная, красивая девочка. Ей семь лет. Она в этом году пошла в школу. Сама учится хорошо. Ей нравится играть на домбре.

54-сабақ. 4.34. Үстеу. Мезгіл, мекен үстеулері. Түркістан қаласы.

Үстеу мағынасына қарай 7 топқа бөлінеді.

1. Мекен үстеу
2. Мезгіл үстеу
3. Қимыл – сын үстеу
4. Себеп – салдар үстеу
5. Мөлшерлік үстеу
6. Күшейткіш үстеу
7. Мақсат үстеу

Мезгіл үстеу қимылдың мезгілін білдіреді. Сұрақтары: қашан? қашаннан бері? Мысалы: бүгін, таңертең, түнде, кеше, ертең, биыл, былтыр т.б.

Мекен үстеу қимылдың мекенін, бағытын білдіреді. Сұрақтары: қайда? қайдан? Мысалы: ілгері, осында, мұнда, кейін, артта, жоғары т.б.

Түркістан – Орта Азия мен Қазақстандағы тарихи қалалардың бірі. Түркістан қаласы – ежелгі мәдениет орталығы, сәулет өнерінің астанасы.

Бүкіл түркі халқы Түркістанды қасиетті жер деп санайды. Сондықтан оны «екінші Мекке» деп атайды. Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы үлкен көлемде аталып өтті. Бұл Түркістан қаласының дүние жүзінде өзіндік орыны бар қала екендігінің дәлелі.

Бұл қалада ғажайып сәулет ескерткіштерінің бірі – Қожа Ахмет Иассауидің кесенесі орналасқан. Сонымен қатар Түркістан қаласында қазақ мемлекетінің негізін қалаған әйгілі билер мен хандар, атақты батырлар жерленген.

Бақылау сұрақтары.

1. Үстеу дегеніміз не?

2. Үстеу мағынасына қарай неше топқа бөлінеді?

3. Мезгіл үстеу нені білдіреді? Мысал келтіріңіз

Бақылау тапсырмалары:

1. Үстеу. Мезгіл, мекен үстеулері. Мысал келтіріңіз.

2. «Түркістан қаласы» тақырыбына әңгіме құрыңыз.

3. Сөздерді қазақ тіліне аударыңыз

Раньше, сначала, назад, в прошлом году, завтра, здесь, сейчас, позади, рано, вечером, вперед, внутри, куда, всегда, днем.

55-сабақ. 4.35. Қимыл – сын үстеулері. Мөлшерлік үстеулері.

Астана – еліміздің бас қаласы.

Қимыл – сын үстеулері іс-әрекеттің амалын, тәсілін, бейнесін білдіреді. Сұрақтары: қалай? қалайша? қайтп?

Мысалы: жылдам, шапшаң, дереу, әдейі, жедел.

Мөлшерлік үстеулер қимылдың шамасын, мөлшерлік дәрежесін білдіреді. Сұрақтары: қанша? қаншалық?

Мысалы: соншама, осыншама, біраз, аз, көп, мұнша, сонша.

1997 жылы 20 қазанда Н.Ә.Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау» туралы жарлыққа қол қойды. 1998 жылы 6-мамырда Елбасының жарлығымен Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталды. Осы жылы 10-маусымда тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Аз уақыттың ішінде Астана қаласы көрікті қалаға айналды. Астана қаласында Президент сарайы, Парламент ғимараты, «Интерконтиненталь» қонақ үйі, Жастар сарайы, көп қабатты тұрғын үйлер бар.

Әсем қала Есіл өзенінің бойында орналасқан. «Бәйтерек» ғимараты Астана тұрғындарын, жақын, алыс шетелден келген қонақтарды таң қалдырады.

Астана – Қазақстан Республикасының саяси, әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы. Астана – Қазақстанның гүлденіп келе жатқан ірі қалаларының бірі.

Бақылау сұрақтары.

1. Қимыл – сын үстеу дегеніміз не?
2. Үстеу мағынасына қарай неше топқа бөлінеді?
3. Қашан Н.Ә.Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау» туралы жарлыққа қол қойды?

Бақылау тапсырмалары:

1. Қимыл – сын, мөлшерлік үстеулері. Мысал келтіріңіз.
 2. «Астана – еліміздің бас қаласы» тақырыбына әңгіме құрыңыз.
 3. Сөздерді қазақ тіліне аударыңыз.
- Правильно, тотчас, быстро, по-моему, по одному, мало, достаточно, вместе, специально, сразу, немного, столько, устно.

56-сабақ. 4.36. Сөз таптарын қайталау.

Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?
2. Зат есім қандай сұрақтарға жауап береді?
3. Етістік мағынасына қарай қандай түрлерге бөлінеді?
4. Негізгі сын есім дегеніміз не?
5. Туынды сын есім қалай жасалады?
6. Сан есім дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар? Реттік сан есім қалай жасалады?
7. Есімдік дегеніміз не? Оның мағынасына қарай қандай түрлері бар?
8. Үстеу дегеніміз не? Оның мағынасына қарай қандай түрлері бар?

Берілген тапсырмаларды орындаңыз:

Мәтінді орыс тіліне аударыңыз

- Алматы қаласы – Қазақстан Республикасының бұрынғы астанасы. Ол - өте әдемі және үлкен қала. Алматыда үлкен Алматы, кіші Алматы өзендері бар. Медеу мұз айдыны Алматыға жақын. Алатау тауы Алматы қаласына ерекше көрік береді. Тұзу әрі кең көшелерде автобустар, троллейбустар, трамвайлар жүреді. Алматы – жастар қаласы, студенттер ордасы. Онда театрлар, мәдениет сарайлары, оқу орындары өте көп.
- Берілген сөздерге морфологиялық талдау жасаңыз: ақылды, жазушы, сөйлегендер, бірінші, өзім.
- Есімдіктің мағынасына қарай әр түріне екі-екіден сөйлем құрыңыз.
- Кітаппен жұмыс: 326-бет, 27-жаттығу.

57-сабақ. 4.37. Бақылау жұмысы №4.

Жазба жұмысы. Диктант.

58-сабақ. 5 – тарау. Синтаксис. Қазақ батырлары.

5.1. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі. Бөгенбай батыр.

Сөйлемде сөздердің орын тәртібі сақталып отырады. Белгілі бір сөйлем мүшесі өзі қатысты мүшеден бұрын тұрады. Сөйлемдегі сөздердің негізгі орын тәртібі жағдайында сөйлем мүшелері былай орналасады:

а) Бастауыш баяндауыштан бұрын орналасып, онымен іргелес немесе алшақ тұра береді.

Мысалы: Біз биыл бірінші курсты бітіреміз. Үлкен үзіліске қоңырау соғылды.

ә) Баяндауыштың орны тұрақты. Ол сөйлемді аяқтап, оның соңында орналасады.

Мысалы: Мен Г-91 тобында оқимын.

Б) Анықтауыш өзі анықтайтын сөздің алдында тұрады.

Мысалы: Арманның дауысы қатты шықты.

В) Толықтауыш өзі толықтайтын сөздерден бұрын тұрады.

Мысалы: Қазақ тілі сабағында біз мәтінді оқып, аударамыз.

Г) Сөйлем мүшелерінің ішінде пысықтауыштың орны жылжымалы

Мысалы: Бүгін Ажар көңілсіз. Ажар бүгін көңілсіз.

Бөгенбай батыр.

Бөгенбай батыр – Абылай хан заманындағы атақты қолбасшы, батыр. Ол Қанжығалы руынан шаққан. Сондықтан оны халық аңызында «Қанжығалы қарт Бөгенбай» деп атаған.

Бөгенбай батыр Сыр бойында туып, Торғай өзенінің бойында қайтыс болған. Сүйегі Түркістан қаласындағы Ахмет Иассауи күмбезінде жатыр.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқын жаудан қорғауда Бөгенбай батыр көп ерлік көрсеткен. Оның даңқы жоңғармен, Қытай әскерімен соғысқанда ерекше көзге түскен. 1725-1727 жылдары Абылай ханмен бірге соғысып, Түркістаннан жоңғарларды қуып шықты. 1756-1758 жылдары Қытай әскерін қазақ жерінен асыра куды.

Қазақ халқы батырын әр уақытта аса құрметтеген. Қазақстан қалаларының көбінде оның атында көшелер бар.

Бақылау сұрақтары.

- 1 Сөйлем мүшелері қалай орналасады ?
2. Халық аңызында Бөгенбайды кім деп атаған?

Бақылау тапсырмалары:

1. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі. Мысал келтіріңіз.
2. Тірек сөздерді пайдаланып «Бөгенбай батыр» тақырыбына әңгіме құрыңыз.
3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз

Мой дядя работает в области искусства. В общежитии живут студенты из разных областей Казахстана. Я живу в девятиэтажном доме на улице Жамакаева. Чистота – залог здоровья. Нужно беречь здоровье.

59-сабақ. 5.2. Сөйлем түрлері. Қабанбай батыр.

Сөйлем айтылу мақсатына қарай үш топқа бөлінеді:

- 1) Хабарлы сөйлем

Мысалы: Мен бүгін кітапханаға барамын.

- 2) Сұраулы сөйлем

Мысалы: Сенің тобыңда қанша студент оқиды?

- 3) Лепті сөйлем

Мысалы: Алақай! Біздің команда жеңді!

Қабанбай – XVIII ғасырдағы қазақ батыры, әйгілі қолбасшы. Ол Қаракерей руынан шыққан. Сондықтан халық оны «Қаракерей Қабанбай», ал батырлығы үшін «Дарабоз» деп атаған. Ол осы рудың биі де болған.

Жоңғарларға қарсы күресте Қаракерей Қабанбай ерекше ерлік көрсеткен. Ол қатыспаған бірде – бір шайқас болмаған. Қабанбай батыр бір жарым жылға созылған Шаған шайқасына, сексен күнге созылған Шора шайқасына, 1725 жылғы әйгілі Алакөл шайқасына, 1728 жылғы Шұбар теңіз жағасындағы шайқасқа қатысқан.

Қабанбай батыр тек Орта жүзде ғана емес, Кіші жүздегі оқиғаларға араласқан. Қабанбай батырдың ерлік істері Абылай ханның жоңғарларға жасаған жорықтарымен байланысты.

Қабанбайдың қайда жерленгені туралы ғалымдар әртүрлі пікірлер айтады. Еліміздің көптеген қалаларында Қабанбай батыр атында көшелер бар.

Бақылау сұрақтары.

- 1 Сөйлем айтылу мақсатына қарай қандай түрлерге бөлінеді?
2. Сұраулы сөйлем қалай жасалады?

Бақылау тапсырмалары:

1. Сөйлем түрлері. Мысал келтіріңіз
- 2.«Қабанбай батыр» тақырыбына әңгіме құрыңыз
3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз

Кто знал, что так будет? Браво, хорошо играешь на домбре! Эй, я тебе говорю! Студенты изучают казахский язык в течение года. Вы говорите только по –русски, не так ли?

60-сабақ. 5.3. Сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері.

Бастауыш. Махамбет Өтемісұлы. Райымбек батыр.

Сөйлем мүшелері екіге бөлінеді: 1) тұрлаулы 2) тұрлаусыз

Тұраулы сөйлем мүшелеріне бастауыш, баяндауыш жатады. Тұрлаусыз сөйлем мүшелеріне толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш жатады.

Бастауыш кім? не? кімдер? нелер? деген сұрақтарға жауап береді. Зат есім, сын есім, сан есім, атау септігіндегі есімдік, есімше тұлғалы етістіктен жасалады.

Мысалы: Мен геологиялық барлау колледжінде оқимын.

Бес – тақ сан. Студенттер дәрісханада отыр.

Махамбет Өтемісұлы 1801 жылы Орал облысының Орда ауданында туған. Махамбет мұсылманша өте сауатты, орыс тілін жетік білген.

1824 жылы Жәңгір хан Махамбетті өзінің баласымен бірге Орынборға жібереді. Олар онда 4-5 жылдай тұрады.

1836-1838 жылдары Батыс Қазақстанда Ресей отаршылдарына қарсы Исатай Тайманұлы бастаған шаруалар көтерілісі болады. Махамбет көтеріліс көсемдерінің бірі және бас ұраншысы болған. Ол жігерлі сөздерімен, жалынды өлеңдерімен халықты көтеріліске үндейді. Ол – халықты патша өкіметіне, хан – сұлтандарға қарсы көтеріліске шақырған алғашқы қазақ ақыны. Махамбет көтерілістің басшысы Исатайдың сенімді, айнымас досы болған. Оның көп өлеңдерінің басты қаһарманы – Исатай.

Махабет Өтемісұлы 1846 жылы Баймағамбет сұлтанның жендеттерінің қолына қаза табады.

Бақылау сұрақтары.

- 1 Сөйлем мүшелері қандай түрлерге бөлінеді?
2. Тұрлаусыз сөйлем мүшелеріне не жатады?
- 3 Бастауыш қандай сұрақтарға жауап береді?

Бақылау тапсырмалары:

1. Сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері. Бастауыш. Мысал келтіріңіз
2. Тірек сөздерді пайдаланып «Махамбет Өтемісұлы» тақырыбына әңгіме құрыңыз.
3. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Қазақстанда тұратын басқа ұлт халықтары да қазақ тілін үйренуге көңіл бөледі. Олар қазақ тілін үйірмелерде, мектептер мен институттарда оқып біледі. Қазақстанда қазақ тілімен қатар орыс тіліне де ерекше көңіл бөлінеді.

61-сабақ. 5.4. Баяндауыш. Ұлы Отан Соғысының батырлары.

Бауыржан Момышұлы. Әлия. Мәншүк.

Баяндауыш сұрақтары: не істеді? не қылды? қайтты?

Баяндауыш көбінесе етістіктен жасалады. Мысалы: Мен бірінші курста оқимын.

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы Жамбыл облысының Жуалы ауданында туған. 1941 жылы майданға аттанады. Батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Бауыржан Момышұлы - әскери жазушы. Ол Панфилов туралы, соғыс туралы өте көп кітаптар жазған. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Бауыржан Момышұлына «Халық қаһарманы» атағы берілді.

Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова – қазақ халқының қаһарман қыздары. Әлия – асқан табандылықпен ерлік көрсеткен мерген қыз. Мәншүк – атақты пулеметші. Ол «Максим» пулеметімен жау аяғын ілгері бастырмаған. Әлия 17 жасында, Мәншүк 20 жасында Отан қорғауға аттанған. Олардың ерліктері жоғары бағаланады. Оларға Кеңес Одағының Батыры деген атақ берілді. Олардың асқан бытырлық істері мәңгі ұмытылмайды.

Бақылау сұрақтары.

- 1 Баяндауыш қандай сұрақтарға жауап береді?
2. Бастауыш пен баяндауыш қалай байланысады?
- 3 Бауыржан Момышұлы қашан, қай жерде туған?

Бақылау тапсырмалары:

1. Баяндауыш. Мысал келтіріңіз.
2. «Ұлы Отан Соғысының батырлары» тақырыбына әңгіме құрыңыз
3. Сөйлемдерді аударыңыз.

Күн сайын біз адамдармен әр түрлі жолмен байланыс жасаймыз. Андрей жолдастарымен электронды пошта арқылы байланыс жасайды. Екеуі интернет арқылы шахмат ойнайды. Настя хатты пошта жәшігіне салды.

62-сабақ. 5.5. Бастауыш пен баяндауыштың байланысы.

Қайрат Рысқұлбеков.

Бастауыш пен баяндауыштың арасындағы байланыс қиысу деп аталады. Бастауыш пен баяндауыш үш жақта жекеше, көпше түрде қиыса байланысады. Мысалы: Мен бірінші курста оқимын. Сендер қалаға бірге барасыздар.

Қайрат Рысқұлбеков Шу қаласындағы шопан балаларына арналған интернатта оныншы сыныпты бітіреді. Содан кейін азаматтық борышын өтеу үшін әскерге кетеді. Әскерден келгеннен кейін 1986 жылы Алматыдағы Сәулет – құрылыс институтына оқуға түседі.

Осы жылы 16 желтоқсанда Алматыда орталық алаңда көтеріліс болады. Бұл көтеріліске жұмысшылар да, студенттер де қатысады. Осы студенттер арасында Қайрат та бар еді. Желтоқсан оқиғасының басты қаһармандарының бірі Қайрат Рысқұлбековке телестудияның операторы Савицкийдің өліміне кінәлі деген негізгі айып тағылады. Тергеу барысында ол өзіне тағылған кінәдан үзілді – кесілді бас тартады. 1987 жылы 16 маусымда оны өлім жазасына кеседі.

1988 жылы 28 сәуірде оған кешірім жасалып, өлім жазасы 20 жыл бас бостандығынан айрылумен алмастырылады. Ал 1988 жылы 21 мамырда Қайрат Рысқұлбеков дүниеден өтеді.

Бақылау тапсырмалары:

1. Бастауыш пен баяндауыштың байланысы. Мысал келтіріңіз.
2. «Қайрат Рысқұлбеков» тақырыбына әңгіме құрыңыз
3. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз

Менің жолдасым өндірісте жұмыс істейді. Владимир тақтаға сөйлем жазып, сөйлемге синтаксистік талдау жасады. Әлия үйіне қажетті заттарды сатып алды. Марина қазақ тілін ғана емес, қазақ өнерін зерттеп жүр.

63-сабақ. 6 –тарау. Іс қағаздары. Іс қағаздарының лексикасы.

Жеке адамға қатысты іс қағаздары

6.1. Іс қағаздары туралы. Іс қағаздарының стилі

Іс қағаздарына әр түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері жатады. Іс қағаздары белгілі бір формада, қалыптасқан үлгі бойынша жазылады. Олар бір – бірінен көлемі, мазмұны және жазылу формасы жағынан ажыратылады. Іс қағаздарының түрлеріне өмірбаян, мінездеме, сенімхат, қолхат, хабарландыру, өтініш, анақтама, хаттама, бұйрық, түсініктеме, еңбек келісімі, қызметтік хаттардың түрлері және т.б. жатады.

Іс қағаздарының стильдік ерекшеліктеріне қысқалық, анықтық, тұжырымдық тән. Оларды жазу барысында дайын сөз тіркестері мен термин сөздер қолданылады.

Деловые бумаги, виды деловых бумаг, автобиография, заявление, доверенность, расписка, справка, характеристика, резюме, служебные письма, приказ, образец, содержание, документ.

Бақылау сұрақтары.

1. Іс қағаздары қалай жазылады?

Бақылау тапсырмалары:

1. Іс қағаздарының стилі және түрлері

2. Сөздер мен сөз тіркестерін аударыңыз
3. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз

Мен төлқұжат алу үшін өтініш жаздым. Төлқұжат алу үшін ақша төлеу керек. Төлқұжат дайын болғанша, маған мөр басылған анықтама берілді. Ол анықтама мөрсіз жарамайды екен.

64-сабақ. 6.2. Өмірбаян. Түйіндеме.

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіпте қысқаша жазылған ресми құжат. Өмірбаян оқуға түсу, жаңа қызметке орналасу кезінде жазылады. Ол таза қағазға қолмен, кейде арнайы бланкке бірінші жақта жазылады.

Түйіндеме белгілі бір адам туралы мәліметтер ықшам әрі нақты түрде беріледі. Түйіндемеде үміткердің аты-жөні, туған жылы, күні, айы, ұлты, мекен жайы, отбасы жағдайы, азаматтығы, білімі, бітірген оқу орындары, жұмыс тәжірибесі, тілдік дағдылары, компьютерлік сауаттылығы, жеке қасиеттері, қызығушылығы туралы мәліметтер көрсетіледі.

Гражданство, образование, опыт работы, организаторские способности, личные качества, языковые навыки, семейное положение, увлечение, сведения.

Бақылау сұрақтары.

1. Өмірбаян қандай құжат?

Бақылау тапсырмалары:

1. Өмірбаян. Түйіндеме.
2. Сөздер мен сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз
3. Жоғарыда берілген сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құрыңыз.

65-сабақ. 6.3. Бақылау жұмысы №5.

Жазба жұмысы, диктант. Синтаксистік талдау.

66-сабақ. 7 –тарау. Кәсіби тіл дамыту.

Мамандыққа қатысты кәсіби сөздер, терминдер.

7.1. Мамандыққа қатысты кәсіби сөздермен сөйлем, әңгіме құру

Бақылау сұрақтары.

- 1 Кәсіби сөздер дегеніміз не?

Бақылау тапсырмалары:

1. Сөздерді септеңіз

Көмір. Мұнай

2. Кәсіби сөздер мен сөз тіркестерін аударыңыз

Полезные ископаемые, месторождения, недра земли, земная кора, поверхность земли, специалист, рудник, способ, метод, добывать.

3. Жоғарыда берілген кәсіби сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құрыңыз

67-сабақ. 7.2.Мамандыққа байланысты кәсіби сөздермен сөйлем, әңгіме құру Бақылау тапсырмалары:

1. Сөздерді жіктеңіз

Маман. Геолог

2. Кәсіби сөздер мен сөз тіркестерін аударыңыз

Способы бурения, геофизические методы, задача геологов, история развития, освоить полезные ископаемые, химический состав, исследовать, опытный специалист, производство, скважина.

3. Жоғарыда берілген кәсіби сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құрыңыз

68-сабақ. 7.3.Мамандыққа қатысты терминдер мен сөйлем, әңгіме құру

Бақылау тапсырмалары:

1. Сөздерді тәуелденіз

Мамандық. Кәсіп

2. Кәсіби сөздер мен сөз тіркестерін жатқа жазыңыз

Жақсы маман, геологиялық түсірілім, ұңғыманың тереңдігі, тау жыныстары, минералдың құрамы, сапалы көмір, жұмсақ металл, ұңғыманы бұрғылау

3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз

Экологи изучают химический состав минерала. Буровики бурят скважину. В Караганде добывают качественный уголь. Геологи ищут полезные ископаемые. Земная кора состоит из разных горных пород.

69-сабақ. 7.4.«Қазақстанның табиғат байлықтары» мамандыққа байланысты мәтінмен жұмыс

Қазақстанның жері өте бай. Республиканың оңтүстік аудандарында күріш, қант қызылшасы, мақта, жүзім, алма, әр түрлі дәрілік шөптер мен өсімдіктер өсіріледі, Ал солтүстігінде астық пен көкөністер жақсы өседі. Қазақстанда әр түрлі құстар мен жан – жануарлар мекендейді. Қазақстанның өсімдіктер әлемі де алуан түрлі әрі бай. Мысалы, дәрі жасайтын өсімдіктің 150-ге жуық түрі бар. Көптеген жануарлар мен өсімдіктер өкіметтің қамқорлығында. Қазақстанда алты мемлекеттік қорық бар.

Қазақстан жері пайдалы кендерге өте бай. Еліміздің жер қойнауында әлемдегі табиғи қазба байлықтардың барлық түрі бар. Олар: темір рудасы, түсті және асыл металдар, көмір, мұнай және т.б.

Қарағанды қаласы көмірге бай. Теміртауда –темір, Ақтөбе облысынан никель шығады. Батыс Қазақстаннан мұнай, газ, жанармай, түрлі ас тұздары шығады.

Бүгінгі Қазақстан ауыр индустриясы мен ауыл шаруашылығы дамыған елге айналды.

Бақылау сұрақтары.

1. Қазақстан жері қандай пайдалы кендерге бай?
2. Батыс Қазақстаннан не шығады?

Бақылау тапсырмалары:

1. «Қазақстанның табиғат байлықтары» тақырыбына әңгіме құрыңыз

2. Кәсіби сөздерді аударыңыз

Уголь, нефть, золото, серебро, медь, железо, сланцы, торф, мрамор, бронза

3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз

Медь- красноватого цвета, очень мягкий металл. Глубина скважины бывает разной. Горные породы делятся на три группы. Полевые материалы обрабатывают на компьютере. Геофизики при поиске полезных ископаемых используют разные геофизические методы.

70-сабақ. 7.5. «Геология салалары» мамандыққа байланысты мәтінмен жұмыс

Геология – Жер туралы ғылым. Грек тілінде «гео» - жер, «логос» - ғылым деген мағынаны біреді. Геология Жердің заттың құрамын, оның ішкі құрымысын, жерде болып жатқан үрдістерді зерттейді.

Геология ерте кезден – ақ белгілі болды. Адамдар біздің эрамызға дейін де металл қорытып, минералдық суларды пайдалана білген. Қайта өрлеу заманында геология жылдам қарқынмен дами бастайды. Бірақ геологияның ғылым ретінде қалыптасуы XVIII ғасырдың екінші жартысы деп есептелінеді.

Геология көптеген ғылым саласының жиынтығы. Кейін геология кристаллография, минералогия, петрография, палеонтология, тарихи геология, геофизика, геохимия, гидрогеология және тағы басқа ғылым салаларына бөлінеді.

Геологияның маңызы өте зор. Ол әр түрлі қазба байлықтардың жер қойнауында орналасу заңдылықтарын ашады. Сондай –ақ оларды табысты түрде іздеудің жолын айқындайды.

Осадочные породы, виды горных пород, защищать окружающую среду, проводят исследования, различные методы, состав пород, химические элементы, основные свойства, много добываются, основной запас.

Бақылау сұрақтары.

1 Қазақстан жері қандай пайдалы кендерге бай?

2. Батыс Қазақстаннан не шығады?

3 Геология Грек тілінде қандай мағынаны береді?

4. Геология қандай ғылым салаларына бөлінеді?

Бақылау тапсырмалары:

1. «Геология салалары» тақырыбына әңгіме құрыңыз

2. Кәсіби сөз тіркестерін аударыңыз

3. Жоғарыда келтірілген кәсіби сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құрыңыз

71-сабақ. 7.6. «Менің мамандығым» шығарма жазу.

Тіл ұстарту. Сұхбат құру.

72-сабақ. 7.7. Семестрлік бақылау жұмысы

Жазба жұмысы (диктант)

Әдебиеттер мен оқу құралдарының тізімі.

Негізгі әдебиеттер:

1. Т.Т.Аяпова «Қазақ тілі», Алматы, «Ғылым», 1998ж.
2. Г.М.Әлмұрзина, Ж.Д.Нәзбиев, Г.Н.Ахметжанова «Қазақ тілін жеделдетіп оқыту курсы», Өскемен. 2000ж.
3. Ш.К.Бектұров, А.Ш.Бектұров «Казахский язык для всех», Алматы, «Атамұра», 2004ж.
4. А.О.Мусина, И.М.Туленов «Мен қазақша сөйлеймін», Алматы, «Атамұра», 1996ж.
5. А.О.Мұса, И.М.Төленов, Е.Қ. Құдайбергенов «Қазақ тілінің практикалық курсы», Алматы, 1998ж.
6. Ш.С.Ниятова «Қазақ тілі», Алматы, 2002ж.
7. Н.Оралбаева, Х.Есенов, С.К.Хайруллина «Изучаем казахский язык», Алма-Ата, «Мектеп», 1989г.
8. Б.Рысбай, Р.Баймұханбетова «Қазақ тілі», Алматы, «Қазақ университеті», 2000ж.

Қосымша әдебиеттер:

1. Л.Дүйсенбекова «Іс қағаздарын қазақша жүргізу», Алматы, «Ана тілі», 2000ж.
2. М.Е.Ержанов «Мы изучаем казахский язык», Алматы, Казахстан, 1992ж.
3. С.Кенжеахметов «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары», Алматы, «Ана тілі», 1994ж.
4. С.Ә.Қалқабаева «Қазақ тілінде ресми іс қағаздар үлгілерін оқыту», Алматы, 1999ж.
5. Қ.Сариев «Қазақ тілі және елтану», Алматы, 2000ж.

.«Қазақстанның табиғат байлықтары» мамандыққа байланысты мәтінмен жұмыс

Қазақстанның жері өте бай. Республиканың оңтүстік аудандарында күріш, қант қызылшасы, мақта, жүзім, алма, әр түрлі дәрілік шөптер мен өсімдіктер өсіріледі, Ал солтүстігінде астық пен көкөністер жақсы өседі. Қазақстанда әр түрлі құстар мен жан – жануарлар мекендейді. Қазақстанның өсімдіктер әлемі де алуан түрлі әрі бай. Мысалы, дәрі жасайтын өсімдіктің 150-ге жуық түрі бар. Көптеген жануарлар мен өсімдіктер өкіметтің қамқорлығында. Қазақстанда алты мемлекеттік қорық бар.

Қазақстан жері пайдалы кендерге өте бай. Еліміздің жер қойнауында әлемдегі табиғи қазба байлықтардың барлық түрі бар. Олар: темір рудасы, түсті және асыл металдар, көмір, мұнай және т.б.

Қарағанды қаласы көмірге бай. Теміртауда –темір, Ақтөбе облысынан никель шығады. Батыс Қазақстаннан мұнай, газ, жанармай, түрлі ас тұздары шығады.

Бүгінгі Қазақстан ауыр индустриясы мен ауыл шаруашылығы дамыған елге айналды.

Бақылау сұрақтары.

1. Қазақстан жері қандай пайдалы кендерге бай?
2. Батыс Қазақстаннан не шығады?

Бақылау тапсырмалары:

1. «Қазақстанның табиғат байлықтары» тақырыбына әңгіме құрыңыз
2. Кәсіби сөздерді аударыңыз

Уголь, нефть, золото, серебро, медь, железо, сланцы, торф, мрамор, бронза

4. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз

Медь- красноватого цвета, очень мягкий металл. Глубина скважины бывает разной. Горные породы делятся на три группы. Полевые материалы обрабатывают на компьютере. Геофизики при поиске полезных ископаемых используют разные геофизические методы.

Заттың біреу ғана емес көп екенін білдіретін жалғау түрі **Көптік жалғау** деп аталады.

Көптік жалғаулар: - лар, -лер, -дар, -дер, -тар, тер

Көптік жалғау дыбыс үндестігіне бағынып жалғанады.

1) Егер сөздің соңғы дыбысы **дауысты немесе үнді р, й, у** дыбыстарына аяқталса, онда **-лар, -лер** көптік жалғауы жалғанады. Мысалы: дәптер+лер, тау+лар.

2) Егер сөздің соңғы дыбысы **ұяң ж, з немесе үнді л, м, н, ң** дыбыстарына аяқталса, онда **-дар, -дер** көптік жалғауы жалғанады. Мысалы: қалам + дар, қағаз + дар, өзен + дер.

3) Егер сөздің соңғы дыбысы **қатаң немесе ұяң б, в, г, д** дыбыстарына аяқталса, онда **-тар, -тер** көптік жалғауы жалғанады. Мысалы мектеп + тер, геолог + тар, клуб + тар

Тәуелдік жалғаулары – меншіктік мағына береді.

	Жекеше түрі		Көпше түрі
I жақ	– м, -ым, -ім	I жақ	– ымыз, -іміз, -мыз, -міз
II жақ	– ң, -ың, -ің - ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз	II жақ	– тарың, -терің, -дарың, -дерің, -ларың, -лерің - тарыңыз, -теріңіз, -дарыңыз, -деріңіз, - ларыңыз, -леріңіз
III жақ	–сы, -сі, ы, -і	III жақ	–сы, -сі, ы, -і

Мысалы:

I жақ Менің үй-ім, бала-м

II жақ Сенің үй-ің, бала-ң

Сіздің үй-іңіз, бала –ңыз

III жақ Оның үй-і, бала-сы

I жақ Біздің үй-іміз, бала-мыз

II жақ Сендердің үй-лерің, бала-ларың

Сіздердің үй-леріңіз, бала-ларыңыз

III жақ Олардың үй-і, бала-сы

Жіктік жалғаулары

	<u>Жекеше түрі</u>		<u>Көпше түрі</u>
I жақ	-мын, -мін, -бын, -бін, - пын, -пін	I жақ	– мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз
II жақ	-сың, -сің -сыз, -сіз	II жақ	-сындар, -сіндер, -сыздар, -сіздер
III жақ		III жақ	-лар, -лер,-дар,-дер, - тар,-тер

Мысалы:

	<u>Жекеше түрі</u>
I жақ	Мен студентпін, оқушымын
II жақ	Сен студентсің, оқушысың Сіз студентсіз, оқушысыз
III жақ	Ол студент, оқушы

Мысалы:

	<u>Көпше түрі</u>
I жақ	Біз студентпіз, оқушымыз
II жақ	Сендер студентсіңдер, оқушысындар Сіздер студентсіздер, оқушысыздар
III жақ	Олар студенттер, оқушылар

Түбір сөзге жұрнақ та, жалғау да жалғана береді. Түбір сөзге алдымен жұрнақ, содан кейін жалғау жалғанады. Мысалы: жұмыс + шы + лар, оқу + шы + ның т.б.

Қазақ тілінде қосымшалардың өзіндік жалғану тәртібі бар. Сөзге жұрнақ, содан кейін көптік, тәуелдік, септік және жіктік жалғаулары бірінен соң бірі жалғанады.

Сөз	Қосымшалар				
	Жұрнақ	Көптік жалғау	Тәуелдік жалғау	Септік жалғау	Жіктік жалғау

Мысалы: оқу + шы + лар + ыңыз + быз
оқу + шы + лар + ыңыз + ға

Септік жалғаулары.

Атау септік.

Сөздің септік жалғауларын қабылдауын септелу дейді.

Атау септік- Кім? Не?

Ілік септік – кімнің ? ненің? - ның,-нің,-дың,-дің,-тың,-тің

Барыс септік - кіге?неге? - қа,-ке,-ге,- ге, на,- не,-а,-е

Табыс септік кімді? нені? -ны,-ні,-ды,- ді,-ты,-ті

Жатыс септік кімде?неде? -да,-де, та,-те-нда,-нде

Шығыс септік кімнен? неден?- дан,-ден,-тан,-тен,-нан,-нен

Көмектес септік кіммен? немен?- мен,-менен,-бен,-бене,-пен,-пенен

Ілік септік.

Ілік септік бір заттың екінші затқа меншікті , тәуелді немесе қатысты екенін білдіреді. Сондықтан өзіне кейін тәуелдік жалғаулы сөзді керек етеді.

Сұрақтары: кімнің? ненің?

Жалғаулары: -ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің

Мысалы: адам + ның, бала +ның, тау + дың, дәптер + дің, геолог +тың, есік + тің. Қайраттың кітабы, алма ағашы,таудың басы, дәптердің беті.

Барыс септік.

Барыс септігі қимылдың бағытын,мақсатын,кейде мезгілін білдіреді. Мысалы: Мақсат Алматыға(бағыт) кетті. Мақсат Алматыға кітап алуға(мақсат) кетті.Мен қонақтарды түске (мезгіл)шақырдым.

Табыс септік.

Табыс септік объектіні білдіреді. Мысалы: Ол сөмкені алды.

Жатыс септік.

Жатыс септік мекендік, мезгілдік мағына береді. Мысалы: Омар қалада (мекен) тұрады. Оспан жазда (мезгіл) келеді.

Шығыс септік.

Шығыс септігі іс-қимылдың шыққан орнын, мезгілін, себебін білдіреді. Мысалы: Мен әкемнен кітап алдым.

Көмектес септік .

Көмектес септігі орындалу амалын және ортақтасу қатынасын білдіреді. Мысалы: Мен атпен келдім. Мен анаммен ақылдастым. Ата немересімен орманға кетті. Студенттер кураторларымен театрға барды.

